

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Заң институты
Қылмыстарды ашу және тергеу техникалық-криминалистикалық қамтамасыз
ету кафедрасы

Бекітемін
Академия бастығының ғылыми
жұмыс жөніндегі орынбасары
полиция полковнигі

О. Т. Сейтжанов

« ____ » _____ 2019 ж.

пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

DDZ 2308 «Дактилоскопия және дактилоскопиялық зерттеу»

5B030300 - «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

Оқыту нысаны: күндізгі

Курс: 2

Семестр: 4

Кредиттер саны - 3

Дәрістер - 9

Практикалық сабақтар – 36 сағат

Рейтингтік бақылаудың саны (МБ): 2

КООЖ- 15

КӨЖ – 75

Емтихан

Бақылау жұмысы: (криминалистикалық зерттеу)

Қарағанды 2019

**5B030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша
«Дактилоскопия және дактилоскопиялық зерттеу» пәнінің жұмыстық оқу
бағдарламасы (SYLLABUS)**

Дайындағандар:

А.Б. Жакулин, қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент;

А.Ж. Жүнүсова, қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының доценті.

Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасында талқыланды.

2019 ж. «04» 06 № 28 хаттама

Кафедра бастығы

А.Б. Жакулин

Академияның Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында бекітілді.

2019 ж. «11» 07 № 11 хаттама

©Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2019 ж.

2.1 Негізгі ақпарат:

1. Мамандықтың шифрі мен атауы	5В030300 «Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	2-курс, 4-семестр
3. Пән циклы	Дактилоскопия және дактилоскопиялық зерттеу
4. Кредит саны	3
5. Сабақ өткізу орны	Оқу-әдістемелік кабинеттері: 307, 308, 315.
6. Дәріскер	А.Б. Сәкенова – кафедра профессоры, А.Ж.Жүнісова – кафедра доценті. «Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету» кафедрасы ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 1-оқу ғимаратының 3-қабатында орналасқан, № 314-кабинет, телефондары: 30-33-88
7. Сабақты жүргізетін оқытушылар	А.Б. Сәкенова – кафедра профессоры, А.Ж. Жүнісова – кафедра доценті, Ж.Е. Айтжанов – кафедра оқытушысы. Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасы ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 1-оқу ғимаратының 3-қабатында орналасқан, № 314-кабинет, телефондары: 30-33-88

2.2 Пререквизиттер:

Курс басталмастан курсанттардың базалық заңдық пәндерді оқу барысында алған жалпы құқықтық және теориялық білімдерінің болуы қажет.

2.3. Постреквизиттер:

Пән бойынша алынған білімнен кейін:

«Тергеу әрекеттеріне маманның қатысуы»;

«Суық қаруды зерттеу»;

«Трасология және трасологиялық зерттеу»;

«Баллистика және баллистикалық зерттеу» пәндерін оқып білуі қажет.

2.4. Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Қылмыстылықтың жеткілікті елеулі өсуі, қоғамда ғаламдық әлеуметті-экономикалық өзгеруімен жанамалануы, қылмыстарды ашу және тергеп-тексерудің әдістері мен құралдарын аса тиімді қолдануды талап етеді. Ерекше орынды дактилоскопия алады, үйткені ХХ ғасыр бойы қылмыскерлердің кінәсін дәлелдеу үшін ең маңызды анықтау құралы болып саналады. Ақырғы жылдары дактилоскопия және дактилоскопиялық сараптама компьютерлік техниканың, арнайы бағдарламалардың және іздермен жұмыс істеу кезінде жаңа технологиялардың жетістіктерінің көмегімен, жаңа даму айналымына шықты.

Пәнді оқытудың мақсаты – курсанттардың папилляр өрнектер іздері, сондай-ақ папилляр өрнексіз терінің бетінде қалған іздер бойынша алғашқы алынған ақпараттарды өз бетінше табу, бекіту (фиксациялау) және алу бойынша білім, шеберлік, дағдыларын дарыту. Бұл мақсатқа іздерді зерттеудің қарапайым, сондай-ақ аса күрделі папилляр өрнек үзінділерін зерттеу әдістемесін меңгеру де кіреді. Оқиға орнында папилляр өрнек іздерімен қатар адам денесінің киім жаппаған өзге де тері бөліктерінің іздерінің табылуына қарай, папилляр іздерді зерттеудің негізгі сипаты мен әдістемесіне ұқсас келетін бұл іздерді зерттеуді дактилоскопия тарауына енгізгенді жөн деп білеміз.

Дактилоскопияның маңызды бөлігіне дактилоскопиялық есептер кіреді. Олар бұл пәнде оқытуды аяқтау кезеңіне енгізілген. Пәнді оқыту барысында зерттелетін іздер мен салыстыру үшін қажетті үлгілерді қайта пайдалануда дәстүрлі фотографиялау үдерісін қолданбай-ақ, компьютерлік технологияларды меңгерудегі тәжірибелік дағдыларды дарытуға айрықша көңіл бөлінеді.

Пәнді жетік меңгеру іргелі теориялық негіздерді оқудан алған білімді іс жүзінде қолдана алу мен нақты объектілерді зерттеу дағдыларын қалыптастырудан көрінеді.

Оқыту үдерісінде материалды бекіту ісі барынша қарапайым дактилоскопиялық объектілерді зерттеу әдістемесінен (дактилокартадағы қол саусақтарының іздері, түрлі папилляр өрнектердің іздерін толықтай, сапалы беру), күрделі де көлемді ақпараттар бар дактилоскопиялық объектілерді (папилляр өрнектер үзінділердің іздері, әртүрлі іздердің көптігі, іздерді қалыптау, сапасыз іздердің көрінісі, т.б.) меңгеруден басталады.

Пәннің мазмұнында заманауи криминалистикалық технологиялардың, соттық сараптама, оқытудың дидактикасы мен әдістемесінің жетістіктері, сондай-ақ қылмыстарды ашу мен тергеу бойынша ішкі істер органдарының жедел қызмет және тергеу бөлімдерінің озық үлгілері көрініс тапқан.

Пәнді оқытудың ерекшелігі курсанттардың түрлі-түрлі папилляр өрнек іздерімен жұмыс істеу білудің шеберлігі мен дағдыларын меңгерулеріне басты күш салынумен өлшенеді. Мұнда олар техникалық тәсілдер мен құралдарды пайдаланады, іздерді зерттеуде сарапшылардың әдістемесін меңгереді, сондай-ақ әртүрлі ізқабылдағыш беттерінде іздерді бөлектеу барысында әрі папилляр өрнектердің мейлінше сапалы бейнелерін алудың оңтайлы әдістемесін таңдауды меңгеретіндіктен, уақыт тәжірибелік сабақтарға көп бөлінеді, онда көлемді ақпараттарды жылдам әрі жеңіл игеруге септігін тигізетін көптеген дидактикалық материалдарды қолданылады.

Пәнді оқытудағы міндеттер:

Курсанттың бойында кәсіби криминалистикалық-техникалық ой кешу үрдістерін, басқаша айтқанда, кешенді зерттеу ақпараттары негізінде сол оқиғаның криминалистикалық сипаттамасын бере алу шеберлігін қалыптастыру, іздерді зерттеуде өзге де дәлелдемелік ақпараттар көздерінің жүйесін анықтау, тергеу ситуациясына (жағдайына) талдау жасау, оны бағалай алу, болжам айту, тергеудің оңтайлы әдістемесін таңдау бойынша тактикалық шешім қабылдау дағдыларын дарыту.

Оқиға, қылмыскер бейнесі, қылмыстық әрекетінің ниеті, қылмыс жасауға түрткі болатын қылмыстық қолсұғушылық жағдаяттары туралы табу, анықтау, бекіту, алу үшін дәлелдемелік ақпараттарды пайдаланудағы техникалық-криминалистикалық әдістер мен құралдарды қолдану мүмкіндігін тікелей іс жүзінде меңгеру.

Криминалистикалық білімін өз бетінше толықтыра алу мүмкіндігін игерту. Өзін-өзі оқыту әдістемесінің негіздерін, дәлірек айтқанда криминалистикалық әдебиеттермен жұмыс істей алу, жаңа криминалистикалық құралдар, ұйымдастырушылық және есептеу техникасын, меңгерген шеберлігін бекіту мен дамыту, іс жүзінде қылмысты тергеудің талдау және жинақтау әдістемесінің негіздерін, әрүрлі жағдайларда тергеп-тексеруді ұйымдастыру мен басқару тәсілдерін меңгерту.

Тәрбиелік міндеттер:

Қарастырылып отырған қылмыстарды тергеп-тексеру барысында заңдылық қағидатын, әлеуметтік әділеттілікті және адамгершіліктің мән-маңызын терең түсіну.

Қылмыстардың жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру тәжірибесі үшін криминалистикалық білімдердің, әдістері мен құралдарының орнын ұғыну.

Әрбір курсант біліктілігін арттыру мен өз бетінде білім алу жолымен кәсіби деңгейін тұрақты түрде арттырудың қажеттігін ұғындыру.

Оқытудың нәтижелері:

Білім алу және ұғыну:

Курсанттар «Дактилоскопия және дактилоскопиялық зерттеу» пәнін оқығанда қылмысты ашу мен тергеу барысында дәлелдемелік ақпараттарды жинаудың тәсілдерін, әдістерін және техникалық құралдарды білулері керек. Техника-криминалистикалық қамтамасыз ету, криминалистика мен тергеу әрекеттерін жүргізудің тәртібі, тактикалық және ұйымдастырушылық ерекшеліктеріне қатысты қылмыстық процестің бөлігін, нақты заңдардың мазмұнын, заңдық процедураларды жүзеге асыру, т.б. бойынша қосымша монографиялық еңбектерді оқу.

Білім мен түсіну қабылеттерін іс жүзінде пайдалана алу:

Оқу кезінде алған теориялық білімдерін кәсіби қызметінде қолдана алуға бейімділік. Негізгі техника-криминалистикалық құралдарды дұрыс таңдау және қолдана алу.

Өз пікірін айта білу, құнды ойларды бағалау және қорытынды шығару қабылеттерін шыңдау.

Криминалистиканың әртүрлі мәселелеріне қатысты ғалымдардың ой-пікірлерін талдай алу және соның негізінде өзінің пікірін дәйектей алуды қалыптастыру.

Коммуникативтік шеберлік:

Криминалистиканың ақпараттарын, идеяларын, проблемаларын және оларды шешуде, аудиторияны есепке ала отырып, әртүрлі хабарламалар нысандарында айтып, көрсету шеберлігі.

Оқу қабілеті:

Әрбір курсанттың өз біліктілігін арттыру және өз бетінше білім алу арқылы өзінің кәсіби деңгейін арттыруын түсіну. Өз бетінше кәсібилігін жетілдіру дағдыларын меңгеру.

2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг шкаласына сәйкес)	Балдар (рейтинг шкаласына сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Практик алық сабақта ауызша жауап беру	Жұмыс оқу бағдарла масына сәйкес	Ұсынылған тақырып бойынша әдебиеттер -ді қолдану	Ағымдық бақылау (жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Ауызша жауаптары барлық сабақ тақырыпта ры бойынша 100 баллға дейін бағаланады	Жауабы журнал ға сабақта бағаланады	Сабақтары -ның сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
2	КОӨЖ сабағын да ауызша жауап беру және баянда ма жасау	Жұмыс оқу бағдарла масына сәйкес (силлабус)	Ұсынылған тақырып бойынша әдебиеттер -ді қолдану	Ағымдық бақылау (КОӨЖ сабақтарынд ағы жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Ауызша жауаптары әр тақырып бойынша 100 баллға дейін бағаланады	Жауабы журнал ға сабақта бағалана ды	КОӨЖ сабақтары-ның жоспарына және оқу жоспарына сәйкес
3	Межелік бақылау ға дайындық	Бақылау сұрақта ры	Семестр бойынша дайындалу	Аралық бақылау (тест тапсырмалары)	100 баллға дейін	Жауабы «Плато нуста» бағалана ды	Оқу жоспарына сәйкес
4	Бақылау жұмыс (крими налисти калық зерттеу)	Жұмыс оқу бағдарла масына сәйкес	Бүкіл оқыту кезеңі ішінде орындалады	Ағымдық бақылау (бақылау жазбаша жұмыспен бағаланады)	100 баллға дейін	Бақылау жұмысы журналда бағалана ды	Оқу жоспарына сәйкес
5	Емтиханға дайындық	Емтихан сұрақтары	Барлық оқу процесі аралығындағы дайындық	Қорытынды бақылау	100 баллға дейін	Жауабы емтихан да бағалана ды	Оқу жоспарына сәйкес

2.6. Курс саясаты

«Дактилоскопия және дактилоскопиялық зерттеу» пәнін оқу кезінде келесі ережелерді сақтауды сұраймыз:

1. Сабаққа кешікпеу.
2. Сабақты орынсыз себептермен жіберіп алмау, сырқаттанған жағдайда тиісті медициналық анықтама, ал басқа жағдайларда — түсініктеме жазба ұсынылуы тиіс.
3. Өтемдер қабылданбайды, курсант жоспарланған сабақтарда жіберіп алған тақырыптар бойынша немесе бұрын дайын болмаған тапсырмалар бойынша кез келген сұраққа жауап беруге дайын болу.
4. Тапсырмаларды орындау, ұсынылатын әдебиетпен міндетті түрде танысу және конспектілеу.
5. Сабақ үстінде сөйлеспеу, ұялы телефондарды сөндіру.
6. Оқу процесіне белсенді қатысу.
7. Курстастары мен оқытушыларға ашық мінезді болу, кең пейілділік, шыдамдылық таныту.

2.7. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Р/№	Оқу-әдістемелік әдебиеттердің аталуы	Жылы, басылым орны
Нормативтік құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы.	30 тамыз 1995 жыл (2019ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
2	Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі	04 шілде 2014 жыл (2019.01.04. берілген өзгерістермен толықтырулармен)
3	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Заңы.	10 ақпан 2017 жыл (2019ж. берілген өзгерістермен)
4	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңы.	23 сәуір 2014 жыл (2019 берілген өзгерістермен толықтырулармен)
5	Қазақстан Республикасының «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңы.	30 желтоқсан 2016 жыл (қолданысқа енген жоқ)
6	«Қазақстан-2050» Стратегиясы.	Қазақстан халқына жолдау, 2012 ж. «Рухани жанғыру» жобасын жүзеге асыру
7	ҚР ПМ № 75 «Ішкі істер органдарында жедел-криминалистикалық қызметті жүргізу Ережелерін бекіту туралы» бұйрығы	21 шілде 2014 жыл.
2. Негізгі әдебиеттер		
8	Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г. и др. Криминалистика.	Норма - 2007, 944 с.
9	Аверьянова Т.В. Судебная экспертиза: Курс общей теории.	М.: Норма, 2006.

10	Аверьянова, Т.В. Криминалистика: учеб. для вузов / Т.В. Аверьянова [и др.]; под ред. Р.С. Белкина.	М.: Норма-Инфра-М, 2002. – 990 с.
11	Криминалистика: Учебник / Отв. ред. Б. М. Нургалиев.	Караганда: Болашак-Баспа, 2009. – 813 с.
12	Хомяков, Э.Г. О возможности обнаружения латентных следов рук на трупах людей: учеб. пособие / Э.Г. Хомяков.	Вестник криминалистики (РФ). 2005. №1. – 35 с.
13	Колкутин, В.В. Судебные экспертизы: науч.-практ. пособие / В.В. Колкутин [и др.].	М.: Юрлитинформ, 2006. – 288 с.
14	Поврезнюк Г.И., «История становления оперативно-криминалистической службы в Республики Казахстан»	Алматы, 2009 г.
15	Зубаха, В.С. Современное состояние и проблемы автоматизации дактилоскопических учетов: учеб. пособие / В.С. Зубаха.	Томь, 2004. – 22 с.
16	Самищенко, С.С. Современная дактилоскопия: основы и тенденция развития: учеб. пособие / С.С. Самищенко.	Норма-Инфра-М, 2004. – 455 с.
17	Сидорик, П.Н. Дактилоскопия и ее практическое использование в раскрытии и расследовании преступлений: учеб.-метод. пособие / П.Н. Сидорик.	Минск: Высшая школа, 1989. – 245 с.
18	Анищенко И.А. «Дактилоскопия и дактилоскопическая экспертиза»	Минск Академия МВД 2014. – 119с.
19	Филькова, О.Н. Справочник эксперта-криминалиста: учеб. пособие / О.Н. Филькова.	М.: Юриспруденция, 2001. – 464 с.
20	Григорович В.Л. Общая теория криминалистики и криминалистическая техника.	Минск., 2014. - 304 с.
21	Крылов, И.Ф. Криминалистическое учение о следах: учеб.-метод. пособие / И.Ф. Крылов.	Ленинград: Красная звезда, 1976. – 197 с.
22	Корнаухова В.Е. Дактилоскопическая экспертиза: Современное состояние и перспективы развития учеб.. пособие .	Красноярск 1990 – 416 с.
23	Кисин, М.В. Дактилоскопирование рук трупов при повреждении и разрушении эпидермиса пальцев: учеб. пособие / М.В. Кисин.	М.: Высшая школа, 1961. – 76 с.
24	Шакенов А.О., Шарипов С.Р., Еленюк А.Г., Жунусова А.Ж. Справочник следователя.	Караганда, 2015. — 379 с.
25	Аханов, В.С. Руководство по криминалистической технике: учеб. пособие / В.С. Аханов.	М.: Высшая школа, 1975. – 231 с.
26	Кантор, И.В. Криминалистическое исследование следов кожного покрова: учеб.-метод. пособие / И.В. Кантор.	Волгоград, 2003. – 156 с.
27	Комаринец, Б.М. Краткое пособие по	Киев, 1969. – 236 с.

	дактилоскопии: учеб.-метод. пособие / Б.М. Комаринец.	
28	Моисеева, Т.Ф. Комплексное криминалистическое исследование потожировых следов человека: учеб. пособие / Т.Ф. Моисеева.	М, 2000. – 222 с.
29	Клименко, А.А. Применение теории временных связей в деятельности специалиста – криминалиста на примере установления относительной давности образования потожировых следов рук: методическое пособие для судебных экспертов / А.А. Клименко. –.	Калининград:, 2004. – 22 с
30	Корниенко, Н.А. Следы человека в криминалистике: учеб.-метод. пособие / Н.А. Корниенко.	Питер, 2001. – 352 с.
31	Пуртов, А.И. Определение - какой рукой, каким пальцем оставлены следы на месте происшествия: учеб. пособие / А.И. Пуртов.	М.: Высшая школа, 1951. – 134 с.
3. Қосымша әдебиеттер		
32	Федосюткин, В.А. Использование консервантов в подготовке измененных кистей трупа для дактилоскопирования: методическое пособие для судебных экспертов / В.А. Федосюткин.	М.: ЮЛ, 1992. – 270 с.
33	Эджубов, Л.Г. Статистическая дактилоскопия: методологическое пособие / Л.Г. Эджубов.	М.: ЮЛ, 1999. – 183 с.
34	Полещук, О.В. Анализ использования АДИС «Папилон» при расследовании преступлений / О.В. Полещук // Дальневосточные криминалистические чтения. Вып. 9: Сб. науч. тр/ Отв. Ред. В.В. Яровенко.	Владивосток: Изд-во Дальневост. ун-та, 2004.
35	Биленчук, П.Д. Фиксация результатов осмотра места происшествия: учеб. пособие / П.Д. Биленчук.	Киев: АСТ, 1981. – 124 с.
36	Порубов Н.И., Грамович Г.И., Порубов А.Н. Криминалистика.	Высшая школа (Минск) - 2007, 575 с.
37	Клименко, А.А. Применение теории временных связей в деятельности специалиста – криминалиста на примере установления относительной давности образования потожировых следов рук: методическое пособие для судебных экспертов / А.А. Клименко.	Калининград: , 2004. – 22 с.
38	Корниенко, Н.А. Следы человека в криминалистике: учеб.-метод. пособие / Н.А. Корниенко.	СПб.: Питер, 2001. – 352 с.
39	Крылов, И.Ф. Криминалистическое учение о следах: учеб.-метод. пособие / И.Ф. Крылов.	Ленинград:, 1976. – 197 с.

40	Грамович, Г.И. Криминалистическая техника (научные, правовые, методологические, организационные основы): моногр. / Г.И. Грамович.	Минск: Акад. МВД Респ. Беларусь, 2004. – 215 с.
41	Крылов, И.Ф. Криминалистическое учение о следах: учеб.-метод. пособие / И.Ф. Крылов.	Ленинград, 1976. – 197 с.
42	Торвальд Ю. «Век криминалистики».	М., 1984г.
43	Альмагамбетов, П. Дактилоскопия: учебное пособие / - 2-е изд.	Алматы : КазГЮА, 2001г.
4. Ғаламтор көзі		
44	http://adilet.zan.kz/rus - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	
45	http://web.kzi.kz/index.php/ru/ob-akademii Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов - КА МВД РК им.Баримбека Бейсенова	
46	www.mvd.kz – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	
47	http://prokuror.kz – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы	
48	http://pravstat.prokuror.kz/ - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының жанындағы құқықтық статистика комитеті	
49	www.zakon.kz – Қазақстан Республикасының заңы	
50	http://stat.kz –Қазақстан Республикасының статистика бойынша Агенттігі	
51	http://prg.kz/ - «Параграф» ақпараттық жүйесі	

2.8. Тақырыптық жоспар

№ п/п	Тақырып нөмірі	Тақырып атауы	дәрістер	Семинарлық сабақтар	Практикалық сабақтар	КООЖ	КӨЖ
1	1	Дактилоскопия: тарихы мен негізгі даму кезеңдері. Дактилоскопияның негізгі ұғымдары және оларды құқық қорғау органдары қызметінде қолдану.	1		2	1	4
2	2	Адамның дене терісіндегі папилляр өрнектер: жіктелуі, олардың құрылымдарының жалпы және жеке белгілері.	1		3(2+1)	1+1	8
3	3	Адам қолының іздері: пайда болу механизмі, табу, анықтау, бекіту және алудың ережелері мен әдістері	1+1		6(2+1+2+1)	1+1	10
4	4	Тірі адамдар мен мәйіттерді (өліктерді) дактилоскопиялау			1	1	5

5	5	Адам қолының іздерін алдын ала зерттеу	1		8(1+2+1+2+1+1)	1+1+1	9
6	6	Дактилоскопиялық зерттеудің әдістемесі	1+1		12 (1+2+1+1+2+1+2+2)	1+1+1+1	26
7	7	Пороэджеоскопиялық зерттеу: мәні мен жүргізу әдістемесінің ерекшелігі	1		2	1	6
8	8	Автоматтандырылған дактилоскопиялық жүйесінің тіркеуі	1		2	1	7
Барлығы:			9		36	15	75

2.9. Сабақ жоспарлары

Дәріс сабақтары

1-тақырып. Дактилоскопия: тарихы мен негізгі даму кезеңдері. Дактилоскопияның негізгі ұғымдары және оларды құқық қорғау органдары қызметінде қолдану

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Дактилоскопияның даму тарихы.
2. Дактилоскопияның ұғымдары мен міндеттері.
3. Қол алақанының сыртқы беттерісінің құрылымы.

Дәріс тезистері

Криминалистикалық идентификациялаудың негізін салушы – Альфонсо Бертильон, ол – полиция картотекаларының хатшысы болды, оның әкесі дәрігер-статист әрі Париждың Антропологиялық қоғамның вице-президенті еді. Оның идентификациясы неге негізделетін? Ол антропология мен статистиканың ғылыми мәліметтерін орнымен пайдаланды, оған жүгінсек, бір адамның денесі екінші адамның денесімен толықтай сәйкес келмейді. Ол қылмыскердің денесін (9 өлшем жасады: бойының биіктігі, қолының ұзындығы, кеудесінің кеңдігі, кеудесінің ұзындығы, басының ені, сол аяғы табанының ұзындығы, сол қолының ортаңғы саусағы, сол құлағы) өлшеп, корточкаларға түсіріп, осылайша тіркелгендерді алдына ла тануға мүмкіндік алып отырды. Мұның өзі қиын да күрделі іс болса да, сол кездегі прогрессивтілік сипаты бар еді. Еуропа бойынша бертильонажа «шеруі» - кеңінен етек алуы 1881-жылға барып тіреледі. Бұрынғы бар идентификациялау тәсілі сөзбен суреттеу мен қылмыскерлерді көзбен тану арқылы ғана болатын. Ол үшін қылмыскерлердің шеруі ұйымдастырылып, соған қатысқан полиция қызметкерлері оларды естеріне сақтайтын. Содан кейін полиция көмегіне фотография келді. Қылмыскерлерді фотографиялаудың негізгі ережелерін осы раз Бертильон жасаған еді. Бертильонажбен қатар өмірге дактилоскопияда да жолдама алады. Вильям Хершель – Индиядағы (Үндістандағы) колониальдық инспекция қызметкері саусақ іздерінің көмегі арқылы идентификациялау мүмкіндіктерін зерттеп, ол ғұмыр бойына өзгермейтінін дәлелдеді. Френсис Гальтон – антропометрия саласындағы ағылышын мамандарының арасындағы

бірегей маман, Лонданда алғашқылардың бірі боп, бертильонаж алдында дактилоскопияның артықтығына (озықтығына) мамандардың назарын салды.

Эдвард Генри – Бенгалия полициясының бас инспекторы саусақ іздерін тіркеудің оңтайлы жүйесін қалыптастырды. Бұл жүйе онсаусақты жүйенің негізі болып табылады (қазіргі күні ҚР ІІМ ОАДАЖ «Папило» дактилокарт есебін жүргізеді). 1901 жылы ол Лондон полициясының Президенті болғаннан кейін бертильонажды дактилоскопияға ауыстырды. Одан бұрын саусақ іздерін тіркейтін жұмысты жүйелеуге қабілетті жүйені ойлап тапқан аргентиналық полицей Жуан Вучетичті де еске түсірген жөн. Ол жасаған жүйе Оңтүстік Америка полициясына пайдалауға берілді.

1914 жыл - Бертильонның қайтыс болған жылы, бертильонаждың да соңғы жылы болып, дактилоскопияның белең алуымен тынып бітті. Ресейде 1923-жылы Гальтона-Генри жүйесі сәл өзгеріске түсіп, революцияға дейінгі Ресейде толықтырылып, КСРО-да қолданысқа енді.

Барлық уақытта криминалистиканың ең басты мәселелерінің бірі тұлғаны идентификациялау болған. Бүгінгі уақытта қылмыскерлерді тану тәсілдерінің ең көп таралған дактилоскопия болып саналады (грек тілінен *daktylos* - «саусақ», *skoreo* - «қараймын»).

Дактилоскопия деп адам тері қабатындағы папилляр өрнектерінің (көбінесе, қол саусақ бедерінің) белгілері мен қасиеттерін оқып үйренетін және қылмысты әшкерлеу мақсатында іздерді жинап, зерттеудегі әдіс-құралдарды жетілдіретін трасологияның тарауын айтамыз.

Дактилоскопия криминастикалық техниканың саласы ретінде ғылыми-техникалық және дактилоскопиялық зерттеудің практикалық базасынан (дайындық, тағайындау, жүргізу және терегушімен, сотпен маманның қорытындысына баға беру) құрылады.

Адамның тері бүртігі екі негізгі қабаттан тұрады: сыртқы (эпидермис) және терінің өзінен (дерма). Терінің немесе дерманың екі қабаты бар: торлы (сетчатый) және емізік түрдес (сосочковый). Соңғысының түрі биік белеңді (возвышений) еске салады, белеңнің биіктігі дене терісінің әр жерінде әртүрлі болып келеді. дененің бір жерінде тері бүртігінде көрінбесе (тері жылтыр болса), ал басқа тұстарда тарақтың тістері секілді белең сызықтарын (папилляр сызықтар) құрайды, олардың аралары 0,4 до 1,2 мм болып келеді. Мұндай сызықтармен адамның алақаны мен табаны көмкеріліп, оларда папилляр өрнектер құрайды.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1, 8, 14, 18, 24, 25, 26, 27, 28, 42, 43, 49 (2.7 тарауды қара)

2-тақырып. Адамның дене терісіндегі папилляр өрнектер: жіктелуі, олардың құрылымдарының жалпы және жеке белгілері.

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Қол саусақ папилляр өрнектерінің типтері мен түрлері
2. Папилляр өрнектердің жалпы (ортақ) белгілері.
3. Папилляр өрнектердің жекелік белгілері.

Дәріс тезистері

Папилляр өрнектерді сипаттайтын ортақ белгілер:

1. Папилляр өрнектің типі мен түрі.
2. Папилляр сызықтар легінің бағыттары және олардың тіп-тігі.
3. Папилляр сызықтардың жеке папилляр өрнектегі саны.
4. Өрнектің бөліктері мен элементтерінің (бөлшектерінің) өзара жайғасулары.

5. Өрнектің үлкендігі.

«Доғал», «тұзақты» және «өрнекті» бедер түрлері.

Бедер түрлері: а) доғалы: жай (5%) – пирамидалы – шатырлы – шыршы тәріздес – ортасының құрылымы белгісіз. Б) тұзақты (65%): (папилляр сызықтары бір шетінен басталып, екіншісіне жетпей тік бұрылады да паралельді тұзақтар құрады) – жайы – бүгілген тұзақ – «ракетка-тұзақтар» - жартылай тұзақтар – паралельді тұзақтар – қарама-қарсы тұзақтар. Егер доғалы өрнекте екі лек өрнек құраса, тұзақ түріндегіде олар үшеу болып келеді.

Папилляр сызықтардың үш легінің тоғысатын нүктесін дельта дейді. В) бұйралы (30%): (папиллярлық сызықтар өрнек ішінде доғал, шеңбер, ирек (спираль), т.б. түрлерін құрайды); жай: (шеңбер, доғал құрайды), ирек тұзақтар – домалақ (клубки) – ұлу түрінде – өзге де толық емес бұйралы өрнектер құрайды.

Өрнектердің типтері мен түрлері мен жоғарыда көрсетілгендердің ішіндегі белгілер ортақ (общий) белгілерге жатады. Олар әр басқа адамдарға тән болуы мүмкін. Папилляр өрнектердің сәйкестілік маңызын жеке белгілер құрайды. Олар – папилляр белгілер деген мына топтарға бөлінеді:

- папилляр сызықтардың белгілері;
- сызықтар микрорельеф құрылымдарының бөліктері;
- өрнектердің өзге белгілері;

а) папиллярлық өрнек белгілері:

- сызықтардың басталуы (басы) мен аяқталуы (соңы);
- сызықтардың қосылуы мен екі айрылуы;
- көпірше;

- көзше, ілгек;

- фрагмент (үзінді);

- нүкте (ноқат) (1-ден кем, 5 S папилляр сызықтар);

- жіңішке сызықтар;

б) папилляр сызықтардың белгілері:

- сызықтар иілімі (изгиб);

- сызықтардың сынуы не бұрылысы (излом линии);

- сызықтардың жуандалуы немесе жіңішкеленуі;

- сызықтардың үзілуі.

в) микрорельеф белгілері екі топта жіктеледі:

- пороскопиялық, олар ұсақ тесіктің түрін, өлшемін және өзара жайғасуын ескереді тер (терлеу) бездері;

- эджеоскопиялық, олар папиллярлық сызықтардың шығыңқы, тереңдену, т.б. түріндегі белгілердің болуын ескереді. которые учитывают признаки

г) өзге белгілер:

- тыртықтар; тыртықтардың болуы – жалпы белгі, ал оның бөліктері – жеке белгілері;

- флексорлық сызықтар, бүрмелер, әжімдер – кең және тар келетін ақ жолақты доға немесе ирек түрінде көрінеді;

Жеке белгілердің сәйкестілік маңызы олардың жиі кездесетінімен анықталады.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 8, 22, 25, 26, 27, 28, 36, 41, 43, 44 (2.7 тарауды қара)

3-тақырып. Адам қолының іздері: пайда болу механизмі, табу, анықтау, бекіту және алудың ережелері мен әдістері.

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Қол іздерінің пайда болу механизмі, олардың сақталу мерзімдері.

2. Қол іздерін табу мен анықтаудың тәсілдері мен әдістері. Оларды қолданудағы бірізділік.

Дәріс тезистері

Қолдың іздерін іздеу (қарап-тексеру) барысында объектілерде өзге іздердің жойылып кетпеудің не іздеуге қиындық тудыратын іздердің жойылып кетпеудің (едендегі аяқ киім іздері, тезе жақтауындағы микроталшық, жіптердің, т.б.) алдын алу шараларын ойластырып алған жөн.

Барлық із пайда болу процесінде екі объектінің әрекеттесуін қарастырады: біріншісі – із қалдырушы, екіншісі – із қабылдаушы.

Із қабылдаушы объектілердің физикалық қасиеттеріне байланысты папилляр өрнектердің іздері көлемді және үстіртін болуы мүмкін.

Көлемді іздер қысым іздері – басылған (*статикалық*) және сырғанау (*динамикалық*) болып бөлінеді.

Үстіртін іздер *қабаттын алу* іздері және *қабатталу* іздері болып бөлінеді.

Біріншіден әртүрлі беттерде іздердің ұзақ сақталуына, қалдырылған іздердің майлығы мен түйісудің ұзақтылығы әсер етеді. Іздердің ұзақ сақталуына қатты әсер ететін температуралық режим болып саналады. Іздердің сақталуына маңызды әсерді шаңның түскені береді. Іздердің сақталуына қарсы әсерін беретін із қалдырылған заттың бетінің тазалығы.

Криминалистикалық практикасынмен келесі заңдылықтар анықталды:

- температура жоғары болған сайын ауаның ылғалдығы төмендеп, іздің сақталу мерзімі қысқа болады, қарама-қарсы ауаның температурасы төмендеген сайын ылғалдық жоғарлай сондықтан іздер ұзақ сақталады;

- іздер шаңмен көп басылса және шаңның астында ұзақ уақыт жатса, онда іздердің сақталу мерзімі аз болады;

- із қабылдағыш объектінің бетінің дымқылдануы және оның затының ылғалдықты соруы аз болса, соғұрлым із затының термайының жабысу (адгезиялық) қасиеті ұзақ сақталады.

Оқиға орнын қарап-тексеруді жүргізу кезінде, сонымен қатар объектілердің зерттеулерінде, тінтулерде, алуларда басқада тергеу әрекеттер өндірісінде қол іздерінің табылуы мүмкін.

Қол ізін табу әртүрлі жағдайларға (ситуацияларға), осы бейнеленулерді іздестіретін тұлғаның іс қимылына байланысты.

Қол іздері қылмысты жасау себебімен байланысты заттарда (ұрланған заттар), қылмысты жасауға дайындық кезінде, қылмысты жасау кезінде қолданған заттарда, қылмысқа тікелей қатысты объектілерде қалуы мүмкін.

Қол іздерін табу үшін байқау (визуалды тәсіл), сондай-ақ арнайы әсер ететін (физикалық және химиялық тәсілдер) құралдар мен әдістер қолданады.

Құралдар мен әдістерді қолдану іздің пайда болған уақытына, із қабылдағыш беттің микрорельфі мен қасиеттеріне, ізді жасаған заттың физикалық қасиетіне, іздің түріне байланысты.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 2, 3, 7, 8, 20, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 45, 46 (2.7 тарауды қара)

№2 дәріс жоспары (1 сағат):

1. Қол іздерін бекіту және алу тәсілдері. Қол іздерін сипаттау тәртібі

2. Қол іздері бар объектілерді сақтау мен буып-түю тәртібі.

Дәріс тезистері

Қол (аяқ) іздерін бекіту және алу – ол табу сатысынан кейінгі дәлелдеме заттарды жинау процесінің жеке сатысы болып саналады.

Қол (аяқ) іздерін бекіту мен алу, дәлелдеме ретінде сақтап және тіркеу, объектіні алу кезінде идентификациялық маңызды мағынасы бар белгілердің сақталуына кепілдік беретін, техника-криминалистикалық құралдар мен әдістерді қолдану деп есептеледі; басқа жағынан қылмыстық істе алынған объектілердің дәлелдемелік рөлін қамтамасыз ететін процестік нормаларын сақтап қалу.

Барлық бекіту тәсілдерін шартты *техникалық және процестік* деп бөлуге болады.

Іздерді сақтаудың *техникалық құралдарына* жататындар:

- фототүсірілім, бейнежазба;
- үстіртін іздерді жабысқақ лента немесе дактилоскопиялық пленкалардың көмегімен көшіріп алу;
- көлемді іздерді модельдеу (таңбаларын алу);
- іздерді тікелей объектінің бетінде бекіту;
- тергеу әрекетінің (ООҚ) хаттамасында сипаттау;
- Қажетті жағдайларда жоспарлар, сұлбалар құру, сызбалар сызу.

Іздерді бекітудің негізгі тәсілі сөзсіз фототүсірілім болып саналады.

Қол іздерін табудың алдында, іздестіру кезінде объектілердегі басқа да іздерді жойып алмау немесе келешекте зерттеу жүргізуге қиындық тудырмау үшін қажетті шаралар қолдану қажет (еденнің бетінде аяқ киім іздері, терезенің жақтауындағы микроталшықтар, биологиялық іздер және т.б.).

Іздер бар объектілерді тапқан кезде, өзінің ізін қалдырмай және қылмыскердің ізін жойып алмайтындай ұстау керек.

Қол ізі бар заттардың температурасының күрт түсуіне жол бермеу керек.

Бірінші кезекте механикалық бүлінуден, термиялық әсерінен, атмосфералық жауын-шашын әсеріне түсетін іздері бар заттар айқындалады.

Қол іздерін бекіту және алу процестік тәртібі

Оқиға орнында табылған қол іздері, қылмыстық-процестік заңының талаптарына сәйкес оларды табу және алу фактісі болып бекітілсе ғана дәлелдеме заттар болып күшіне иеленеді. Іздер қарап-тексеру хаттамасында толықтай сипатталып, фототүсірілім жасалып және іске қатыстырылуы қажет.

Қол іздерінің сипаттамасы оқиға орнын қарап-тексеру хаттамасында жазылады. Онда көрсетілуі қажет:

- а) іздер табылған зат;
- б) заттың қасиеті мен жағдайы (түсі, ластану шамасы, ылғалдығы және т.б.);
- в) ізде бейнеленген алақан бетінің учаскесі (тырнақшы фаланга, алақан және т.б.), егерде бұл қарап-тексеруде анықталса;
- г) объектіде іздің орны және олардың өзара орналасуы;
- д) іздердің түрлері – көлемді, үстіртін (термайлық, боялған); пішіні мен өлшемі (ұзындығы, еңі); боялған іздерге қатысты – олар қандай түсті;
- е) іздерді бейнеленген папилляр өрнектердің типтері (тұзақ, доғал, өрілме), тұзақ өрнектер үшін – егерде қарап-тексеру кезінде анықталса, тұзақтың аяқтарының бағыттары (оңға немесе солға);
- ж) іздерді табу, бекіту және алу тәсілдері;
- з) іздерді фототүсірілім жасаудың жағдай мен приемдары;
- и) буманың түрі (зат қандай материалға буып-түйілген және қандай мөрмен мөрленген) және оның бетінде жазылған жазбалар.

Оқиға орнында алынған қол іздері механикалық бүлінуге ұшырауы мүмкін. Сондықтан объектідегі қол іздерін сақтап қалу үшін, оларды міндетті түрде буып-түю қажет.

Іздердің алуының негізгі тәсілдері:

1. Ізтасымалдауыш-затпен немесе оның бөлшегімен.
2. Арнайы пленкаға көшіру жолымен.
3. Көшірме дайындау жолымен.
4. Фототүсірілім жасау жолымен.

Іздерді алу тәсілін тандау басты мақсаттан негіздену қажет: іздердің максималды сапасын қамтамасыз ету мүмкін, нақты адамды идентификациялауға мүмкіндік береді, сонымен қатар дактилоскопиялық есептер бойынша тексеру үшін іздерді тиімді пайдалану.

Ұсынылған объектілерді буып-түюдің негізгі талаптары:

1. Тасымалдау кезінде іздердің сақталуы.
2. Буманы бұзбай зерттеу объектілерін айырбастауға мүмкіндік бермейтіндей буып-түю.

Ол үшін келесі шарттарды орындау қажет:

- іздер буманың материалымен жанаспауы қажет;
- заттар қозғалмайтындай болып буып-түйіледі;
- тасымалдау кезінде сынып қалмайтындай буманың материалы жеткіліктей берік болуы қажет;

- буманың бетінде түсіндірме жазу болу қажет, онда қандай фактісі бойынша, қашан, кіммен және қай жерде алынған, криминалист және тергеушінің (егер қатысса куәгерлердің) қолтаңбалары көрсетілуі қажет.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 2, 3, 7, 8, 20, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 43, 45, 46 (2.7 тарауды қара)

5 - тақырып. Адам қолының іздерін алдын ала зерттеу.

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Оқиға орнында қол іздерін алдын ала зерттеуінің мақсаты мен мәселелері

2. Қай қолымен және қай саусақтарымен іздер қалдырылғанын анықтауға мүмкіндік беретін белгілер.

Дәріс тезистері

Оқиға орнын қарап-тексеру кезінде бұйымдарға, заттарға, іздерге криминалистикалық зерттеу жасау, қылмыстық іс бойынша нақты мәліметтерді анықтау және қылмысты ашу кезінде ең маңызды рөлін атқарады. Осындай алдын ала зерттеулер сонымен қатар дактилоскопиялық, алынған дәлелдемелік маңызды қорытындылар болып саналмай және ауыстыруға мүмкін емес сонымен бірге процесті рәсімделмейді. Бірақта бұл зерттеулер жедел-іздігі шараларын жүргізу кезінде маңызды рөлін атқаруы мүмкін, үйткені көптеген жағдайларда ақпараттардың негізі болып саналып, келешекте дәлелдемелерді табып және дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

Алдын ала зерттеу тергеудің танырлық қызметінің бірі болып саналып, оқиға орнында қарап-тексеру кезінде арнайы білімдерді және ғылыми-техникалық құралдарды қолданып қылмыскер туралы, қылмысты жасаудың ерекшеліктері, жағдайлары, механизмі туралы мәліметтерді алу және қылмысты ашу үшін оқиға орнында табылған қажетті ақпаратты, зерттеу және материалды бағалау.

Қол іздерін алдын ала зерттеу кезінде белгілі бір іс-әрекеттің кезектілігі сақталуы қажет:

1. Табу (анықтау) және объектілерді қарап-тексеру.

2. Әрбір объектіге жеке-жеке экспрес-зерттеу және қорытындыларды рәсімдеу.

3. Экспресс нәтижелеріне жылпы талдау – алынған экспрес зерттеу жүргізу нәтижесінде бағыттайтын ақпаратты алу.

4. Экспресс зерттеудің нәтижелерін рәсімдеу және оқиға орнын қарап-тексеру хаттамасына оларды қатыстыру.

Маманмен алдын ала зерттеудің нәтижелері ауызша жеткізілуі мүмкін, анықтамада еркін түрде немесе арнайы дайындалған бланкіде бекітіледі.

Оқиға орнында қарап-тексеру кезінде шешілетін сұрақтар мен табылған объектілерді, заттарды және іздерді зерттеу, екі топқа бөлуге болады. Біріншісіне – табылған іздерді анықтап нақты жатқызу сұрақтары жатады. Екіншісіне – тергеуші мен жедел уәкіл қызметкерін бағыттайтын сұрақтарды құрайды.

Қол ізін табу кезінде қылмыскер қай қолымен, алақанымен, қай саусақтарымен іздерді қалдырғанын анықтау өте маңызды. Осы сұрақтарды шешу қылмыскерді анықтауға және іздестіру үшін пайдалануды айтарлықтай жеңілдетеді.

Сонымен, егер қылмыс орнын қарап-тексеру кезінде қай қолмен және саусақпен қалдырылғаны анықталса, онда келешекте айтарлықтай онай болады:

- есепте тұрған элементтер, тұлғалардың дактилокартотекасы бойынша іздерді тексеру;

- Дактилоскопиялық зерттеу үшін материалдарды таңдау;

- күдіктілерден жасырын түрде қол саусақ таңбаларын алу;

- қылмысты жасауға байланысты емес тұлғалардың тізімнен алып тастау.

Іздерді қалдырған қолын және саусағын анықтау үшін топографиялық белгілер, өлшемі, іздердің өзара орналасуы пішіні, папилляр өрнектердің құрылымы пайдаланады.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 2, 3, 7, 8, 20, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 43, 45, 46 (2.7 тарауды қара)

6-тақырып. Дактилоскопиялық зерттеудің әдістемесі

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Дактилоскопиялық зерттеу жүргізу әдістемесінің жалпы ережелері. Зерттеу пәні, объектісі.

2. Дактилоскопиялық зерттеуге ұсынылған материалдар және қолдың іздерін зерттеудегі шешетін мәселелер.

Дәріс тезистері

Әр криминалистикалық зертеулердің өздерінің мазмұны бойынша айырмашылығы болып арнайы мәселелерді шешеді.

Дактилоскопиялық зерттеудің мазмұны адамның қол мен жалаң аяқ іздерін зерттеуі, сонымен қатар көптеген жағдайларда соңғы мақсаты папилляр өрнектер арқылы адамды идентификациялау болып табылады. Дактилоскопиялық зерттеу процесі әртүрлі әдістердің білімдерін қатаң реттілікті сақтап қолдануды қарастырады, ол папилляр өрнектерді толықтай, жаңжақты және терең зерттеуді қамтамасыз етеді және оған:

- бір жағынан ғылыми-зерттеу, практикалық негізделген приемдар, тәсілдер, материалды іздермен (дәлелдеме заттармен) және үлгілермен маманның жұмыс істеу әдістері;

- басқа жағынан маманның қызметінің нәтижелерін процестік бекіту тәртіптерінің жиынтығы.

Сонымен дактилоскопиялық зерттеудің әдістемесі – ол қандайда бір жағдайларды анықтау мақсаты үшін объектілерді зерттеу кезінде қолданылатын әдістер жүйесі, тәсілдер, техникалық құралдар.

Дактилоскопиялық зерттеудің пәні дактилоскопия және криминалистикалық техника саласында арнайы білімдер негізін оқиға орнында қол іздерін қалдырған тұлғаны сонымен қатар іздің пайда болу уақыты, жағдайы мен басқада мән-жайын анықтау болып табылады.

Дактилоскопиялық зерттеу процесінде зерттеудің міндетті құрылымды элементтері ол объектілер болып саналады. Дактилоскопиялық зерттеудің объектісі болып папиллярлы өнектер емес, олардың бейнеленуі: іздер және салыстырмалы (эксперименталды алынған) үлгілер.

Салыстырмалы үлгілер келесі талаптарға сәйкес келулері қажет:

1. Толық және сапалы бейнеленуі
2. Ақ қағаз немесе стандартты дактилокарта бланкілерінде кара типографиялық бояу мен орындалу.
3. Бірнеше рет қайталану.
4. Қажетті зоналарының бейнеленуі қажет.

Іздер және салыстырмалы үлгілер – ол идентификациялайтын объектілер олардың көмегімен нақты тұлғаны теңдестіруді анықтап идентификацияланатын объект ретінде саналады.

Дактилоскопиялық зерттеу жүргізу үшін келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

1. Ұсынылған объектілерде қол іздері бар ма?
2. Қол іздері идентификациялық зерттеу жүргізуге жарамды ма?
3. Қол іздері нақты тұлғамен қалдырылды ма?
4. Іздер қай қолмен (алақан, алақан бөлігімен), қай саусақпен қалдырылған?
5. Іздер бір немесе бірнеше адамдармен қалдырылған ба?
6. Әртүрлі қылмыс орнынан алынған қол іздері бір адаммен қалдырылған ба?
7. Ұсынылған бірнеше дактилокарталардағы қол саусақ таңбалары бір адамдікі ма?

Ұсынылатын әдебиеттер: 7, 9, 10, 11, 16, 17, 25, 26, 27, 28, 38, 39, 40, 43, 48 (2.7 тарауды қара)

№2 (1 сағат) дәріс жоспары

1. Дактилоскопиялық зерттеуде (сараптамасында) объектілерді зерттеу сатысы.

2. Маман қорытындысының мазмұны мен құрылымы

Дәріс тезисы

Зерттеу жүргізудің мақсаты мен мазмұнына қарай ерекшелетіні:

- идентификация, оның міндеттеріне объектілердің қылмыстық оқиғаға қатысы немесе ұзақ байланыста болғандығы салыстырылатын өзара теңдікті анықтау не жоққа шығару;

- диагностикалық, объектінің қылмыстық оқиғаға қатысының табиғатын, мәнін анықтау мақсатында өтіледі.

Зерттеу әдістемесі - зерттеу барысында объектілерді зерттеу үшін қолданылатын әдістер, тәсілдер мен техникалық құралдардың оңтайлы жүйесі. Зерттеу әдістері былайша бөлінеді:

- ҒЫЛЫМ мен қызметтердің әртүрлі саласында қолданылатын жалпығылымилық: бақылау, өлшеу, суреттеу, жоспарлау, сараптама, моделдеу,

математикалық және логикалық әдістер (анализ, синтез, индукция, дедукция, салыстыру), т.б.

- жалпығылыми әдістердің криминалистикалық базасында дайындалатын (техника және қоғамтану) әртүрлі объектілерді криминалистикалық зерттеуде қолданатын техникалық құралдардың міндеттері мен ерекшеліктері ескерілетін арнаулы ғылыми әдістер: физикалық, химиялық, фотографиялық, антропологиялық, т.б.

- криминалистикалық зерттеуде қолданылатын жалпыкриминалистикалық: криминалистикалық диагностика, криминалистикалық идентификация және т.б.

Зерттеу әдістері (сараптамалар) – зерттеу барысында мәселені шешу тәсілдерінің (ережелер, операциялар) жиынтығы.

1. Оптикалық аспаптар мен приборлар, сондай-ақ жарықфильтрлері.

2. Іздеу приборлары мен аспаптар.

3. Іздер мен объектілердің өзге де материалдарын табу мен бекітуге арналған құралдар мен материалдар.

4. Фотоаппаратура мен оның қосымша бөлшектері.

5. Дауыс және бейнежазу құралдары.

6. Ақпараттарды өңдеу приборлары — компьютерлер.

Криминалистикалық зерттеу әдістері мынадай негізгі кезеңдерден тұрады:

- алдын ала зерттеу (объектілерді, үлгілерді қарап-тексеру, фототүсірілім жасау);

- детальдық зерттеу (жеке-жеке және салыстырмалы);

- зерттеу нәтижелеріне баға беру;

- зерттеу материалдарын рәсімдеу.

Зерттеудің сатылары (кезеңдері) бір-бірімен өзара тығыз байланысты келеді, әр сатыдағы маманның іс-әрекеті келесі сатыда керек қажетті материалдарды дайындайды.

Маманның қорытындысы қолданыстағы процестік заңға сәйкес сот дәлелдемелік негізі болып саналады.

Маманның қорытындысы – ол тергеушінің (соттың) сұрақтарына ғылыми негізделген жауаптар беріп және зерттеудің нәтижелері мен жүргізуі мазмұндалатын процестік акт.

Маман (сарапшы) қорытындыны өз атымен жүргізеді.

Онда келесілер мазмұндалуы қажет:

- Тергеушінің (соттың) тапсырмасына сәкес маманның барлық қызметі;

- қойылған сұрақтарға тұжырымдалған жауаптар;

- зерттеу өндірісін жүргізу кезінде қолданылған ғылыми ережелер, әдістер, техника-криминалистикалық құралдар мен приемдар зерттеу жүргізуде көрсетіледі;

- маманға қандай да бір немесе басқа қорытындыға жасауға мүмкіндік берген аталған белгілер.

Маман қорытынды жүргізудің алдында дәлелдемелерді және жедел іздестіру материалдарын бұрмалау және сарапшының, маманның көрінеу

жалған айғақтары, қорытындылары немесе қате аударма бергені үшін қылмыстық жауапқа тартылу туралы қабылданған арнайы құжат толтырады (қолхат).

Маманның қорытындысы үш бөлімнен тұрады:

1. Кіріспе.
2. Зерттеу.
3. Қорытынды

Ұсынылатын әдебиеттер: 7, 9, 10, 11, 16, 17, 25, 26, 27, 28, 38, 39, 40, 43, 48 (2.7 тарауды қара)

7 тақырып. Пороэджеоскопиялық зерттеу: мәні мен жүргізу әдістемесінің ерекшелігі.

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Пороэджеоскопиялық зерттеудің түсінігі.
2. Папилляр сызықтардың идентификациялық белгілері.

Дәріс тезисы

Дактилоскопиялық зерттеудің бір түрі пороэджеоскопиялық зерттеу болып саналады. Бірақта нақты адамды анықтау мақсатында папилляр сызықтардың микробөлшектерін зерттеумен айналысатын қарапайым дактилоскопиялық зерттеуден, пороэджеоскопиялық зерттеудің айырмашылығы, папилляр сызықтардың бетіндегі микрорельефтерінің ерекшеліктерін зерттейді.

Папилляр сызықтардың микрорельефтерінің ерекшеліктері – ол папилляр сызықтардың жеке бөліктерінде өздеріне тән белгілердің пішіндері болу: ойықтар, дөнестер, томпақтық, ойыстар, олардың өлшемдері, өзара орналасулары. Пороэджеоскопия өзара екі жеке бөлім түрлерінен тұрады - **пороскопию және эджеоскопия.**

Пороэджеоскопиялық зерттеу – ол нақты адамды анықтау мақсатында ғылыми-әзірленген әдістердің жинағынан, папилляр сызықтардың микробелгілерін идентификациялық зерттеуінің приемдарынан тұрады.

Барлығымызға белгілі қол саусақ, алақан және аяқтың табан терісінің негізгі элементі болып папилляр сызықтар саналады.

Папилляр сызықтардың күрделі рельефі толықтай иілмелі материалдардағы көлемді іздерінде бейнеленеді және үлкейтілген фототүсірілімдерде жақсы көрінеді.

Үстіртін іздерде екі негізгі элементтер бейнеленеді: ұсақ тесіктер және сызықтардың кескіні.

Пороскопиялық идентификация ұсақ тесіктердің шамамен өзермейтіндігі және олардың жеке даралығына негізделеді. Ұсақ тесіктердің жеке даралығы өзара белгілердің жиынтығымен, олардың сапалық және сандық сипатымен анықталады.

Пороэджеоскопиялық зерттеу әдістемесі қарапайым дактилоскопиялық зерттеу сияқты төрт кезеңнен тұрады:

- алдын ала зерттеу (объектілерді, үлгілерді қарап-тексеру, фототүсірілім жасау);

- детальдық зерттеу (жеке-жеке және салыстырмалы);
- зерттеу нәтижелеріне баға беру;
- зерттеу материалдарын рәсімдеу.

Папилляр сызықтар микрорельефінің ерекшеліктері бойынша идентификация, алдын ала және детальдық зерттеу кезеңдерінде іздегі папилляр өрнектің жалпы және жеке белгілері бойынша қол мен саусақ анықталыпқана қоймай, іздегі тері бетінің учаскесі анықталса ойдағыдай болады. Ізде бейнеленген папилляр сызықтардың учаскесі оқшауланғаннан (локализация) кейін ғана және ұсынылған салыстырмалы материалдың нақты учаскесінің белгілерімен сәйкестік анықталса, содан кейін ғана іздегі папилляр сызықтардың микрорельефін зерттеуге көшу орынды.

Салыстырмалы белгілердің барлық параметрлері бойынша идеалды сәйкестігіне қол жеткізу тәжірибеде мүмкін емес, үйткені із пайда болу процесінде әр нақты жағдайда өзінің жеке даралық қасиеті бар.

Ұсынылатын әдебиеттер: 7, 9, 10, 11, 16, 17, 25, 26, 27, 28, 38, 39, 40, 43, 48 (2.7 тарауды қара)

8 тақырып. Автоматтандырылған дактилоскопиялық жүйесінің тіркеуі.

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Тірі адамдарды дактилоскопиялау кезінде құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздері. Дактилокарталарды рәсімдеу тәртібі.

2. Бояусыз дактилоскопиялауды жүргізу кезінде заманауи техникалық құралдарды пайдалану тәртібі.

Дәрістер тезисы

Жедел-криминалистикалық қызметінің құқықтық негізін Конституция, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік кодексі (әрі қарай ҚПК), Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (әрі қарай - ӘҚБК), Қазақстан Республикасының заңы, халықаралық шарттар, Президенттің, Үкіметтің, ПМ нормативті құқықтық актілері, сондай-ақ казіргі Ережелер құрайды.

1 Параграф. ПО криминалистикалық есептер жүйесі. №1 бөлімше ПО криминалистикалық есептерді қолдану, жүргізу, жалпы құру ережесі. 158-159 тармағы дактилоскопиялық есеп. Дактилоскопиялық есептер мәліметтерінің электронды базасын жүргізу бағдарламалы-техникалық кешенінің негізінде автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйесі (АДАЖ) мен Қазақстан Республикасының ішкі істер Министірімен белгіленген тәртібі бойынша жүзеге асырылады.

Қол іздері мен есепте тұрған тұлғалардың дактилокарталарының автоматтандырылған есептерін АДАЖ құжаттарын пайдалануына сәйкес АДАЖ-бен жұмыс істеудің тиісті дайындығын өткен қызметкерлер жүргізеді. Осымен қатар ұсынылған тізіммен жұмыс істеуге дактилоскопиялық зерттеуін жүргізуге құқығы бар ЖКБ қызметкерлеріне ғана рұқсат беріледі.

164 тармақ аумақтық ЖКБ қала аудан органдары іздер карточкаларының ақпараттық таңбаларын 500 dpi төмен емес рұқсатымен электронды түрде,

дайындаған күні ведомствалық қорғалған каналдармен мәліметтер базасына және дактомассивпен тексеру үшін ПД(Т) ЖКБ АДАЖ-не жіберіледі. Электронды байланыс болмаған жағдайда таңбаларын қызметкерлер немесе пошта арқылы жіберіледі.

Дактилоскопиялық сканер (бояусыз әдіс) қолданып дактилоскопиялау кезінде тіркелетін адамның қолдары мұқият жуылып және кептірілуі қажет.

Сканерде сканерлеу режимінің сапасы 80% болып орнатылуы қажет.

Сканерлеу сұқ, ортаңғы, аты жоқ және шынашақ бірге топтасқан саусақтарының бақылау таңбаларынан басталады және сол қолының үлкен саусағы жеке сканерленеді. Оң қолдың бақылау таңбалары жоғарыда айтылғандай дәлме-дәл сканерленеді.

Содан кейін оң және сол қолдың алақан беттері сканерленеді.

Сонан соң әдістеменің 5 тармағымен анықталған тәртібі бойынша оң және сол қолдың саусақтары реттілікті сақтап сканерлеу жүргізіледі.

Дактилоскопиялау оң қолдың бас бармағымен бастап шынашақ саусағымен аяқталады. Тіркелетін адамдардың бас бармағынан бастап тік ұстап қалған саусақтарын алақанға жұмылдырып кезек-кезек таңбалары алынады. Дактилоскопиялауды жүргізетін қызметкер сол қолының үш саусағымен (үлкен, сұқ, және ортаңғы) тіркелетін адамның саусағын түп жағынан ұстап, оң қолының үш саусақтарымен (үлкен, сұқ, және ортаңғы) тырнақша фалангасын басып таңбалары алады.

Тіркелетін адам қолын бос, күштенбей ұстауы қажет. Тіркелетін адамның тырнақша фалангасының бір жақ қырынан екінші жақ қырына дейін айналдыра таңбалары алынады. Бас бармақтары қалған төрт саусақтардың бағыты бойынша таңбалары алынады. Сұқ, ортаңғы, аты жоқ және шынышақ саусақтары бас бармақтардың бағыты бойынша таңбалары алынады.

Саусақтардың таңбалары саусақтарды қатты баспай бір келкі орнынан ығыстырмай айналдыра алынады. Қызметкер таңбаларын алуды аяқтағаннан кейін, папилляр өнектердің бейнесі жағылып кетпеу үшін, тіркелетін адамның саусақтарын үстіге қарай тік көтеріп алады. Қандай да бір саусағы жоқ болған жағдайда, дактилоскопиялық блакіде берілген орнын бос қалдырып ол туралы міндетті түрде қолдың немесе саусақтың қай кезден айырылған уақыты туралы жазып кету қажет.

Сол қол саусақтарын дактилоскопиялау әдістеменің 4 тармағына сәйкес, қайтадан жасалады. Сол қол саусақтарын дактилоскопиялау, оң қол сияқты сол тәртіп бойынша таңбалары алынады.

Төрт саусақтың (бас бармақсыз) контрольді таңбалары, саусақтарды бірге ұстап бір мезгілде алынады, бірінші сол қолдікі содан кейін оң қолдікі боялған пластинаға басылып содан кейін дактилоскопиялық картаның блакісіне арналған орнына көшіріледі. Жоғарыда айтылғандай оң қолдың контрольды таңбалары алынады. Саусақтардың бақылау таңбаларын алу кезінде саусақтар дактилоскопиялық бланкінің төменгі жағына перпендикуляр болуы қажет.

Контрольді таңбалар бойынша дактилоскопиялық картада саусақтар таңбалары дұрыс орналасуы тексеріледі.

Дактилоскопиялық картаның екінші жағында әдістеменің 4-6 тармағына сәйкес тіркелетін адамның оң және сол қолдардың алақан беттерінің таңбалары орналасады.

Дактилоскопиялау аяқталғаннан кейін әр саусақтың таңбаларының сапасы тексеріледі (толық көшірілуі, папилляр өрнектің барлық сипаттау ерекшеліктерінің бейнеленуі, ластану мен учаскелерінің толықтай түспеуі, барлық папилляр өнектерінің сапалы бейнеленуі, құралсыз көзбен санауға мүмкіндік беретіндей).

Таңбаларды алу кезінде әдістеменің 10 тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, идентификациялық құжат ретінде әрі қарай пайдалануға жарамсыз болғанда, адамды қайтадан дактилоскопиялау жүргізу керек.

Дактилоскопиялау кезінде кір және су қолдарды дактилоскопиялауға; таңбаларын алу кезінде дактилоскопияланатын адамның саусақтарын боялған пластинаға, дактокартаға қатты басуға және саусақтардың сырғанап кетуіне; пластинаның бетіндегі пайдаланған бояудың үстінен саусақты қайта жүргізуге, ластанған валик пен пластинаны (таңбаларды алғаннан кейін ертіндімен толықтай бояуды сүртіп тазартпаған құралдарды) қолдануға рұқсат берілмейді.

Деформацияланған саусақтан таңба алу кезінде түзетуге мүмкіндік болмаса саусақтың тырнақша фалангасы валик көмегі арқылы боялады. Сонан соң қағаздан шаршы кесіліп, сіріңке қорабының көмегімен деформацияланған саусақтың тырнақша фалангасына бастырылады. Саусақтың таңбасын алу үшін ақырын басып қағаздың бетінде айналдырылады. Саусақ таңбасы бар қағаз шаршы дактилоскопиялық картаның тиісті орнына дұрыс орналасуын тексергеннен кейін жапсырылады.

Сканерленгеннен кейін алынған мәліметтерді АДАЖ базасына жіберіледі.

Дактилоскопиялық картаны қағазға басып шығарып, онда тіркелетін адам немесе оның заңды өкілінің қолтаңбасы қойылып мәтін және дактилоскопиялық ақпараттың дұрыстығын куәландырады.

Ұсынылатын әдебиеттер: 7, 9, 10, 11, 16, 17, 25, 26, 27, 28, 38, 39, 40, 43, 48 (2.7 тарауды қара)

Практикалық сабақтар

1-тақырып. Дактилоскопия: тарихы мен негізгі даму кезеңдері. Дактилоскопияның негізгі ұғымдары және оларды құқық қорғау органдары қызметінде қолдану (2 сағат)

Практикалық сабақтың жоспары 1 (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Дактилоскопия анықтамасын беріп және «Дактилоскопия» термині шығуына түсінік беру.

2. Қол іздерінің криминалистикалық мағынасын түсіндіру.

Практикалық тапсырма:

Практикалық тапсырманы орындау үшін курсанттар оқытушыдан өлшем құралдарын және қол саусақ ізінің 1-3 таңбаларын (әр курсантқа) алулары қажет. Содан кейін оқиға орнын қарап-тексеру хаттамасында қол саусақ ізін сипаттауға көшеді. Оқиға орнын қарап-тексеру хаттамасында қол саусақ ізін шамамен сипаттау.

«Бұйымдар (объектілер) беттерінде визуальды қарап-тексеру барысында көрінетін және шала көрінетін қол іздері табылған жоқ. Жоғарыда аталған беттердегі көрінбейтін іздерді анықтау мақсатында қызыл түсті дактилоскопиялық ұнтақтармен өңделді. Өндеу нәтижесінде жоғарыда сипатталған беттерде қол іздерінің топтастығы анықталды. №1 із диаметрі 270мм. ақ фаянс табақшасының бетінде анықталды. Табақшаның шетінен 30мм аралықта папилляр өрнектің фрагменті орналасқан. Іздің ұзындығы – 7 мм., еңі – 5 мм. Із бір-біріне параллель папилляр сызықтардың жиынтығынан тұрады. Екінші із бірінші іздің оң жағында 3 сағат деңгейінде (егерде бірінші іздің орналасуын 12 сағат деп алсақ), шетінен 35мм. аралықта орналасқан. Ізде тырнақша фалангасының папилляр өрнегінің өрілме типі бейнеленген, іздің ұзындығы 22мм, еңі 12мм. Үшінші із табақшаның ортасында 5 сағат деңгейінде орналасқан, іздің ұзындығы 13мм, еңі 2мм, өрнектің типін анықтауға мүмкіндік болмады.

Жоғарыда сипатталған іздер өлшемі 28x28мм. жабысқақ техникалық лентаға көшіріліп, ақ қағаз бетіне буып-түйілді, беткі жағында көк түсті сиямен қолмен жазылған мәтін бар (.....), қарама-қарсы жағында тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан тұлғалардың қолтаңбалары бар.

Табақша сондай-ақ әрбір із жеке-жеке «Nikon3000D» сандық фотоапаратының көмегімен фотосуретке түсірілді. Фототүсірілім №1+2+3 салмалы сақиналар көмегімен табиғи және жасанды жарық көзімен түсірілді.

Соңында табақшаны биік емес картон қорабына салып, үстін қағазға оралған фанерамен жабылды. Бума кендір жіппен байланды. Қағаз бирқаға қолмен «№20 пәтерді қарап-тексеру барысында табақшаның бетінде үш қол саусақ іздері табылып алынды» мәтіні жазылып бумаға жапсырылған. Жылы айы, күні. Тергеуші мен куәгерлердің қолтаңбасы. Кендір жіптің ұштары бирканың шетіне келтіріліп, содан кейін жабысқақ лентамен жабыстырылған».

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер: 7, 24, 25, 26, 27 (2.7 тарауды қара)

2-тақырып. Адамның дене терісіндегі папилляр өрнектер: жіктелуі, олардың құрылымдарының жалпы және жеке белгілері. (3 сағат)

1 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Дактокарталарда ұсынылған папилляр өрнектердің типтері мен түрлерін анықтау.


2. Қол саусақтары іздерінің фотосуреттерде үлкейтілгендегі папилляр өрнектердің жалпы (ортақ) және жекелік белгілерін анықтау.

Практикалық тапсырмалар:

Практикалық тапсырманы орындау үшін курсанттар оқытушыдан 3-5 дактилокарта (курсанттың әрқайсысына) мен дактилоскопиялық лупалар (үлкейткіш шыны) алулары керек. Одан соң дактилоскопиялық карталарда берілген қол саусақтарының тырнақ фалангасында қалып қойған папилляр өрнектердің типтері мен түрлерін зерттеу басталады. Мұнда папилляр өрнек тұзақтарын анықтау барысында мынаны қаперге алған жөн: тұзақтар аяғының бас бармаққа немесе шынашаққа қарай бағытталуы тұзақтар өрнектерінің радиалды және ульнарлы болып бөлінулеріне негіз болады. Ульнарлы (шынашақты) тұзақ өрнектеріне тұзақ аяғының шынашаққа қарағандары жатады. Оң қол іздерінде шынашақ тұзақтарының аяғы – оңға, сол қолда – солға қарайды. Радиальды тұзақтар өрнектерінде тұзақ шеттері бас бармаққа бағытталады, оң қол іздерінде – солға қарай, сол қолда – оңға қарай бағытталады. Сол қолдың түскен дактилоскопиялық карталардағы тұзақ өрнектерінің іздері кері қарай бағытталады, басқаша айтқанда, радиальды тұзақтар шеттері шынашаққа қарай, ал ульнарлылар – бас бармаққа қарай бағытталады.

Сонымен бірге анықтауда қиындық тудыратын қол саусақтарының іздеріне (жарақаты бар немесе папилляр өрнек аномальды құрылғанына) айрықша көңіл бөлу қажет.

Курсанттар алған нәтижелерін кесте түрінде дәптерлеріне түсіреді.



Үлгі.

1. И.И. Гришин атындағы Дактокарта				
Оң қол				
1	2	3	4	5
Тұзақ, жай, ульнарлы	Доғал, жай, ирек	Тұзақ, параллель, тұзақ, радиал	Тұзақ, имек, тұзақ, ульнарлы	Өрілме, тұзақ дөнгелек
Сол қол				
6	7	8	9	10
Өрілме, жай	Доғал, шатырлы	Тұзақ, жай, ульнарлы	Өрілме, жай	Доғал, жай

Ұсынылған дактилоскопиялық картадан негізгі және қосымша формулалар шығарады.

Оқиға орнында қол іздері табылып және алынды, сонымен қатар күдікті аз.А мен аз.Б дактилоскопияланды деген жағдай бойынша маманға сұрақтарды тұжырымдау керек.

2 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Макротүсірілім, масштабты фототүсірілім.
2. Папилляр өрнектердің жеке (жекелік) белгілерін белгілеу Ережелері.
3. Фотокесте рәсімдеу.

Практикалық тапсырмалар:

Курсанттар практикалық тапсырмаларды орындаулары үшін оқытушыдан қара түсті магнитті ұнтақ затпен өңделген әрі дактиласкопиялық пленкаға не «Скотч» секілді жабысқақ таспаға (лентаға) көшіріліген қол саусақтары мен тырнақ фалангасының папилляр өрнек іздерін алулары керек. Одан кейін сандық фотоаппарат арқылы фототүсірілім жасайды.

Фотографиялағаннан кейін мынадай фотосуреттер енгізілген фотосурет кестесін жасау қажет:

1. Қолдың саусағы мен тырнақ фалангасының 1:1 масштабтағы іздің жалпы көрінісі (фотосуретте масштабты криминалистикалық сызғыштың болуы міндетті).

2. Тырнақ фалангасы мен қол саусағы іздерінің үлкейтілген фотосуреті.

3. Тырнақ фалангасы мен қол саусағы іздерінің соңғы негізгі (контрольный) фотосуреті.

Ескерту: үлкейтілген және негізгі соңғы фотосурет бір масштабта болуы керек (шамамен, 4:1).

Фотокесте жасап болғаннан кейін, тырнақ фалангасы мен қол саусағы іздерінің үлкейтілген фотосуретінде көрсетілуге қажеттісі:

а) орталық, дистальдық, базистік, оң және сол латериальдық аймақтар, папилляр бедерлерінің дельтасы (дельталары);

ә) үлкейтілген фототүсірілімдегі папилляр бедерлердің жеке белгілері таңбаларын белгілеу;

Белгілеу барысында оны жүргізудің бірқатар ережелерін сақтау қажет:

1. Таңбаларды белгілеу олардың басқа да жеке белгілерін жауып қалмайтындай етіп жүргізілуі тиіс.

2. Белгілер тек цифрмен, солдан оңға қарай (яғни «сағат тілі бойынша») және рет-ретімен (яғни 4 цифрынан кейін 10 цифры емес, 5 цифры болуы керек) белгіленеді.

3. Фототүсірілім астында белгі жасалмайды, себебі түсірілімнің астында әдетте түсіндірме жазба жазылады.

№ 1 фотосуретті қараңыз.


Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 7, 24, 25, 26, 27 (2.7 тарауды қара).

3-тақырып. Адам қолының іздері: пайда болу механизмі, табу, анықтау, бекіту және алудың ережелері мен әдістері (6 сағат).

3-1 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Қолдың алақан тері бетінің құрылымы



№1 фотосурет

Қол саусақтары мен алақан беттерінің учаскесі.

3. Қол іздерін физикалық әдістермен анықтау.

Практикалық тапсырмалар:

Оқытушы алдымен қол іздерін дактилоскопиялық ұнтақтарды қолдану арқылы табу әдісін көрсетеді.

Осыдан кейін курсанттар объектілерді алады және әртүрлі із қабылдағыш беткейлерде қолдың беткейлік іздері қалдырады. Бұдан кейін, дактилоскопиялық ұнтақтардың көмегі арқылы қол іздерін анықтайды.

Дактилоскопиялық ұнтақтарды қолданудың нәтижелерін жұмыс дәптерлерінде кесте ретінде көрсетеді:

Із тасымалдағыш-объект материалы	Ұнтақ түрлері				Кристалдық йод	Күйелеңдіру

3-2 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Қол іздерін бекіту әдістері.

2. Қол іздерін химиялық әдістермен анықтау.

Практикалық тапсырмалар:

Курсанттар қол сақтарының тырнақша фалангаларының папилляр суретінің құрылымдық зоналарын көрсетеді. (1-3 фототүсірілім оқытушымен ұсынылады):

а) Дельталардың түрлерін атап беріп және олардың сұлбалық суреттемесін жасайды

б) Папилляр өрнектердің негізгі типтарының сұлбалық суреттемесін жасап және олардың құрылым элементтерін атап айтады

в) Қол саусақтарының тырнақша фалангаларындағы папилляр өрнектердің жалпы белгілерін атайды.

3-3 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Қол іздері бар объектілерді бекітіп, алудың процестік рәсімдеуі.

2. Қол іздерін анықтаудың сипаттамасы.

Практикалық тапсырмалар:

Курсанттар папилляр өрнектер құрылымының жеке белгілерін атап беріп және олардың сұлбалық суреттемесін жасайды

а) Қол іздерін табу кезінде хаттамада қажетті мәліметтерді атап көрсету қажет

б) Іздердің топтасуын анықтайды (оң немесе сол қолдың бір - сұқ саусағы), түссіз және қара дактилопенкаға алып, оқиға орнын қарап-тексеру хаттамасының қол іздерін сипаттау бөлімін, өздерінің жұмыс дәптерінде анықталған қол іздерін бекіту, алу және буып-түюді ұсынылған талаптарды сәйкес жазады.

3-4 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Қол іздерін бекіту, алу және буып-түю

Практикалық тапсырмалар:

Курсанттар қол іздерін бекіту тәсілдерін көрсетеді:

а) Хаттамада қол іздерін сипаттау кезінде көрсетуге қажет ететін мәліметтерді атап кету.

б) Табылған орнында қол іздерін фототүсірілім жасау әдістерінің кезектілігін көрсету.

в) Қол іздерінің әртүрлі түрлерінің фототүсірілім жасау тәсілдерін сипаттайды:

Үстіртін іздер _____

Көлемді іздер _____

Боялған іздер _____

Түссіз бұйымдағы түссіз іздер _____

Түссіз термайлы іздер _____

Тегіс емес беттердегі іздер _____

Дөнес (ойық) беттерде _____

Жарыққа шағылысатын беттерде _____

Қол жетпейтін учаскелерде _____

Жылудан қорқатын беттерде _____

Ұстау нәтижесінде пайда болған іздердің топтары _____

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 7, 8, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 (2.7 тарауды қара)

4-тақырып. Тірі адамдар мен мәйіттерді (өліктерді) дактилоскопиялау (1 сағат).

1 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Тірі адамдарды дактилоскопиялаудың ережелері.

2. Тірі адамдарды және мәйіттерді дактилоскопиялаудың тәсілдері.

3. Дактилокарталарды рәсімдеу ережелері және процестік рәсімдеу.

4. Тірі адамдарды дактилоскопиялаудың ұйымдастырушылық негіздері.

Практикалық тапсырмалар:

Курсанттар дактилоскопиялық валиктерді, дактилоскопиялық бояуларды, дактилоскопиялық карталардың бланкілерін алып, екі адамнан топтасып, бір бірін дактилоскопиялауға кіріседі. 2 дактокарта дайындайды.

Дактилоскопиялауды жүргізу кезінде бірқатар ережелерді есте сақтаған жөн:

- шыны немесе металл пластинаға (13×18, 18×24 см) типографиялық бояудың немесе қара түсті гуаштың шамалы мөлшерін жағу қажет;

- бояуды пластинаның бетінде дактилоскопиялық (резіңке) валикпен айналдыра отырып, түрде жағып шығу қажет (бояу біркелкі түрде жағылуы керек);

- пластинаның жанына дактокартаны қойып, оны – оң қол, сол қол саусақтарының таңбалары мен бақылаулық таңбалар үшін, үш жерінен бүктеу қажет;

- дактилоскопияланатын адамның қолдарын спиртпен (одеколонмен) сүртіп, сабынмен жуу қажет;
- дактилоскопияланатын адамның саусақтарының фалангаларын пластинаның бетімен домалатып айналдыру арқылы бояуды жағу қажет;
- бояу жағылған саусақ фалангаларын осындай әдіспен дактилокартаның тиісті учаскелеріне, сол қолдың кішкене саусағымен аяқтай отырып, домалатып айналдыру арқылы жағып шығу қажет;
- саусақ таңбаларын дактилокартаға жағу кезінде дактилоскопияланатын адам дактилоскопиялаушы адамның оң жағында болады;
- дактилоскопиялаушы дактилоскопияланатын адамның саусақтарын бас бармағымен және сұқ саусағымен кезек-кезек үстелдің бетіне параллель қалыпта ұстап тұрады;
- бір қолдың төрт саусағының бақылаулық таңбаларын, содан кейін екінші қолдыкін алады;
- бас бармақтардың бақылаулық таңбалары жеке-жеке жүргізіледі;
- егер өрнекте барлық дельталар, папилляраралық сызықтар бояумен бітеліп қалмаған болса, таңбада бос орындар (саңылаулар) мен жағылған сызықтар жоқ болса, онда саусақ ізінің таңбасы қанағаттанарлық болып саналады.

Курсанттар қосымша сұрақтарға жауап береді:

- а) Дактилокарталардың сапасын анықтау критерийлерін атаңыз
- б) Мәйіттерді дактилоскопиялаудың ерекшелігін атаңыз
- в) Дактилоскопиялық карталарда толтырылатын мәліметтерді атаңыз
- г) Алынған дактилоскопиялық карталар бойынша негізгі және қосымша формулаларды шығару.

5-тақырып. Адам қолдарының іздерін алдын ала зерттеу (8 сағат).

Осы тақырып бойынша практикалық сабақтар процесінде курсанттар № 1 адамды идентификациялау үшін қолдың саусақ ізінің жарамдылығын анықтау бойынша; №2 адамды идентификациялау үшін қолдың саусақ ізінің жарамдылығын анықтау, бірақта идентификацияланатынбен қалдырылмай басқа адаммен қалдырылған (теріс қорытынды).

5-1 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Дактилоскопиялық іздер бойынша алдын ала зерттеу жүргізудің мақсаты.
2. Қол іздерін алдын ала зерттеу кезінде шешілетін сұрақтар.

Практикалық тапсырма:

Әр курсант тапсырма алады:

- а) Оқиға орнында қол іздерін алдын ала зерттеумен нені анықтауға болады?
- б) іздерді қалдырған қол мен саусақты қандай белгілер бойынша анықтауға болады
- в) іздерді қалдырған қол мен саусақты анықтайтын топографиялық белгілерді сипаттаңыз?

г) іздерді қалдырған қол мен саусақты, олардың өз ара орналасуы бойынша анықтайтын тәсілді көрсетіңіз.

д) іздерді қалдырған қол мен саусақты, олардың пішіні және өлшемі бойынша анықтайтын тәсілдерді атап айтыңыз.

е) іздерді қалдырған қол мен саусақты, олардың папилляр сызықтарының (оқытушымен ұсынылады) құрылымы бойынша анықтайтын тәсілді сипаттаңыз:

Оң қолы _____

Сол қолы _____

ж) Әртүрлі объектілердегі қол саусақтарының іздері қандай саусақтан және қай қолдан түскендігін анықтау

5-2 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Басу, ұстау іздерін сипаттайтын белгілер.

2. Алақан бетінің әртүрлі бөліктеріне тән белгілер.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар кодталған қол саусақтары іздерінің таңбалары бар дактилокарталарды алады және оларға өз бетімен дактилоскопияланған адамның жынысы мен жас мөлшерін анықтау міндеті қойылады.

Жынысы мен жас мөлшерін анықтау кезінде курсанттар бұл мәліметтердің тек алдын ала пайымдау бола алатынын ғана білуі тиіс.

Жас мөлшерін анықтау үшін оқиға орнында қол саусағының ізін қалдырған тұлғаның жас мөлшері туралы сұрақты шешуге алдын ала мүмкіндік беретін мағлұматты пайдалану қажет (Қараңыз: «Предварительные криминалистические исследования материальных следов на месте происшествия». – М.; ВНИИ МВД СССР, 1987.):

Ұзындығы 0,5 см кесіндідегі папилляр сызықтар саны

12-13 сызық – балалар (8-12 жас)

10-12 сызық – жасөспірімдер

9-10 сызық – ересек адамдар

6-7 сызық – ересек, өте толық адамдар

Ұзындығы 0,5 см кесінді - өлшеу жүргізу кезінде ізде пайда болған негізгі папилляр сызықтардың негізгі легіне перпендикуляр орналасуы тиіс.

Жынысын анықтау үшін келесідей мағлұматтарды пайдалану қажет (Қараңыз: В.А.Ивашков, Л.И. Слепнева. Методические рекомендации. «Предварительные исследования материальных объектов на месте происшествия». М., 1992г.):

а) сырт жағынан қарағандағы қол буынының ұзындығы:

- 17,4 см және одан аз – әйелдерге қатысты болады;

- 17,5 -18,7 – әйелдерге және еркектерге қатысты болады;

- 18,8 және одан көп – еркектерге қатысты болады;

б) алақан жағынан қарағандағы қол буынының ұзындығы:

- 17,4см және одан аз – әйелдерге қатысты болады;

- 17,5-19,6 – әйелдерге және еркектерге қатысты болады;

- 19,7 және одан көп – еркектерге қатысты болады;

в) алақан:

- ұзындығы 10,2 және одан аз, ені 8,0 және одан аз - әйелдерге қатысты болады;

- ұзындығы 10,3-11,1, ені 8,1-8,7 - әйелдерге және еркектерге қатысты болады;

- ұзындығы 11,2 және одан көп, ені 8,8 және одан көп – еркектерге қатысты болады;

г) бас бармақ:

- ұзындығы 5,1 және одан аз, ені 1,6 және одан аз - әйелдерге қатысты болады;

- ұзындығы 5,2-5,5, ені 1,7-1,8 - әйелдерге және еркектерге қатысты болады;

- ұзындығы 5,6 және одан көп, ені 1,9 және одан көп – еркектерге қатысты болады;

д) сұқ саусақ:

- ұзындығы 6,1 және одан аз, ені 1,4 және одан аз - әйелдерге қатысты болады;

- ұзындығы 6,2-7,4, ені 1,5 - әйелдерге және еркектерге қатысты болады;

- ұзындығы 7,5 және одан көп, ені 1,6 және одан көп – еркектерге қатысты болады;

е) ортаңғы саусақ:

- ұзындығы 6,9 және одан аз, ені 1,4 және одан аз - әйелдерге қатысты болады;

- ұзындығы 7,0-8,7, ені 1,5 - әйелдерге және еркектерге қатысты болады;

- ұзындығы 8,9 және одан көп, ені 1,6 және одан көп – еркектерге қатысты болады;

ж) аты жоқ (безымянный) төртінші саусақ:

- ұзындығы 6,3 және одан аз - әйелдерге қатысты болады;

- ұзындығы 6,4-7,6, ені 1,4-1,5 - әйелдерге және еркектерге қатысты болады;

- ұзындығы 7,7 және одан көп, ені 1,6 және одан көп – еркектерге қатысты болады;

з) шынашақ:

- ұзындығы 5 және одан аз, ені 1,2 және одан аз - әйелдерге қатысты болады;

- ұзындығы 5,1-6,0, ені 1,3 - әйелдерге және еркектерге қатысты болады;

- ұзындығы 6,1 және одан көп, ені 1,4 және одан көп – еркектерге қатысты болады.

5-3 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Қол іздерін алдын ала зерттеу кезінде шешілетін сұрақтар.

2. Әртүрлі объектілердегі қол саусақтарының іздері қандай саусақтан және қай қолдан түскендігін анықтау.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар әртүрлі объектілерді (бөтелке, стақан, шыны бөліктері, пластик бөліктері және тағы басқалар) алады. Осы аталған объектілерде курсанттар қармау, басу іздерін қалдырады, іздерді дактилоскопиялық ұнтақтармен өңдейді. Осыдан кейін өз араларында қол іздері бар объектілерді алмастырады.

Бұдан кейін курсанттар оларға зерттеу жүргізіп, аталған қол іздері мағлұматтарының қандай саусақтан және қай қолдан түскендігін растайтын белгілерді анықтайды (топографиялық белгілер зерттеледі; іздердің өзара орналасуы, көлемі мен нысаны; папилляр өрнектердің құрылымы). Алынған нәтижелер (қорытындының зерттеу бөлігінің фрагменті) конспектіге жазылады.

Мысалы,

«...Көрінбейтін қол іздерін анықтау мақсатында бөтелкенің беткейі қара түсті ұнтақпен өңделді, өңдеу нәтижесінде қол саусақтарының іздері анықталып, олардың папилляр өрнектері қара түске боялды.

Түбінен 20мм және мойнынан 45мм жерінде орталығында 20x23мм болатын сопақ келген қол саусақ фалангасының тырнақ ізі бар. Ізде тұзақ типті папилляр бүртік айқындалды, тұзақтың аяқтары түп жағына қарай бұрылған және оған перпендикуляр түскен. Ізде орталық, дистальдық, папилляр бүртіктің сол жақ латеральдық аймағы анықталды (2 фото, 1 белгі). Оңға қарай 5 мм және бірінші ізден 15 мм жоғары жеріндегі орта тұсында тік бұрышты 15x26мм көлемді қол саусағының тырнақ фалангасының ізі бар. Ізде тұзақ типті папилляр өрнек айқындалды, тұзақ аяқтары төмен қарай орналасқан. Ізде орталық, дистальдық, папилляр бүртіктің сол жақ латеральдық аймағы анықталды (2 фото, 2 белгі).

Оңға қарай 4 мм және екінші ізден 1 мм төмен жерінде орталығында 16x23мм болатын сопақ келген қол саусақ фалангасының тырнақ ізі бар. Ізде тұзақ типті папилляр өрнек айқындалды, тұзақ аяқтары солға қарай орналасқан. Ізде орталық, дистальдық, папилляр бүртіктің сол жақ латеральдық аймағы анықталды (2 фото, 3 белгі).

Объектідегі іздердің орналасуы, өрнектері, олардың өзара орналасуы, сондай-ақ ізде айқындалған көлемдер осы іздердің сол қолдың аты жоқ (безымянный), ортаңғы және сұқ саусақтарынан түскендігін растайды...».

Жаттығуды орындау барысында оқытушы курсанттарға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді.

Жаттығуды орындағаннан кейін оқытушы 2-3 курсантты шақырып, олар қол іздерінің қай қолдан және қандай саусақтан түскендігі туралы өздері анықтаған белгілер жөнінде түсіндіреді. Зерттелетін объектілердің фототүсірілімін жасауға және фотокестені дайындауға кіріседі.

Ұсынылған объектіні жарамдылыққа зерттейді.

5-4 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Басу, ұстау іздерін сипаттайтын белгілер.
2. Алақан бетінің әртүрлі бөліктеріне тән белгілер.
3. Қол іздерін алдын ала зерттеу кезінде шешілетін сұрақтар.

4. Әртүрлі объектілердегі қол саусақтарының іздері қандай саусақтан және қай қолдан түскендігін анықтау.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар зерттеу жүргізу кезінде іздерді түсіруге қойылатын талаптармен танысады:

1. Түссіз тер-май іздерін оларды алдын ала боямастан мүмкіндігінше фотоға түсіру.

2. Бір уақытта пайда болған және бір біріне жақын орналасқан іздер тобын, олардың тұлғаны идентификациялауға барлығы бірдей жарамды бола бермейтіндігіне қарамастан, бүтіндей фотоға түсіреді. Бұл осы іздердің қай қолдан және қандай саусақтан түскендігі туралы объективті пайымдауға мүмкіндік береді.

3. Із бейнелерінің масштабы олардың мақсатына байланысты анықталады.

Зерттеудің осы түрі бойынша келесідей фототүсірілімдерді дайындау қажет:

1. Қол іздері бар ұсынылған объектінің жалпы көрінісі.
2. Іздің жалпы көрінісі.
3. Дактилокартаның жалпы көрінісі.

Аталған фототүсірілімдер егжей-тегжейлі фототүсіру ережелері бойынша – масштабты сызғышпен орындалады.

Ескерту: Қол іздері мен таңбалар, сәйкес келетін жеке белгілерін белгілеу бойынша анық қабылдау үшін көрнекті болуы керек және 3-5 шегіндегі бір масштабқа келтірілуі тиіс.

5-5 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Зерттеуге түскен объектілермен және материалдармен танысу. Зерттеуге түскен объектілердің фототүсірілімін жасау

2. Зерттеуге түскен объектілердің жеке-жеке және салыстырмалы зерттеуі

Практикалық тапсырма:

Курсанттар әдістемеге сәйкес, қол іздері мен дактилоскопиялық карталар бойынша жеке-жеке және салыстырмалы зерттеулер жүргізеді.

Маман қорытындысын құрастыру кезінде осы қорытындының 3 бөліктен тұратынын есте сақтаған жөн:

1. Кіріспе бөлігінде жалпы сипаттағы мәліметтер болуы тиіс:

- криминалистикалық бөліністің атауы;
- қорытындының нөмірі мен оның толтырылу уақыты;
- зерттеуді кім жүргізді (тегі, аты-жөні, әкесінің аты, білімі, мамандығы, ғылыми атағы мен шені, атқаратын лауазымы);
- зерттеу жүргізу үшін негіз (қаулы, ұйғарым), қылмыстық істің нөмірі, күдіктінің тегі, аты-жөні, әкесінің аты немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған факт);
- зерттеу жүргізу кезінде кім қатысты;
- криминалистикалық зерттеу түрінің атауы;
- зерттеу жүргізудің тағайындалуына байланысты істің мән-жайлары;

- зерттеу объектілерін табу, бекіту, алу жағдайларына нұсқайтын мәліметтер;

- зерттеу жүргізуге келіп түскен объектілер;

- маманған қойылатын сұрақтар;

- алдындағы зерттеуді кім жүргізді (егер қайталама зерттеу жүргізілетін болса); сол зерттеу бойынша шығарылған тұжырымдар мен қайталама зерттеу жүргізуге негіз болып табылған мотивтер.

2. Зерттеу бөлігінде келесілер болуы тиіс:

а) іздер бар объектілерді қарап-тексеру нәтижелерінің сипаттау, объектілерді басқа да ұқсас объектілерден айыруға мүмкіндік беретін ерекшеліктерін қолдана отырып қысқаша сипаттау;

б) іздерді алдын ала зерттеу нәтижелерін сипаттау, іздер жөніндегі мәліметтер туралы көрсету: олардың сипаты, саны, түсі, орналасуы, папилляр өрнектердің толықтылығы мен сапасы; іздердің типтік және түрлік қатыстылығы;

в) іздерді анықтау бойынша қолданылған техникалық әдістер мен құралдарды атау;

г) бірнеше іздер бар болған жағдайда, олардың қай қолдан және қандай саусақтан түскендігін көрсету;

д) тұлғаны идентификациялау үшін іздердің қайсысының жарамды немесе жарамсыз екендігін көрсету;

е) іздерді фотоға түсіру жағдайларын көрсету.

Маманның зерттеу жүргізу барысын сипаттауы соңғы логикалық қорытынды тұжырым жасауға келтірілуі, анықталған белгілер туралы бағалау сипатындағы мәліметтер көрсетілуі және зерттеудің синтездеу бөлігіндегі тұжырымдар негізделуі тиіс.

Маман өз тұжырымын нақты фактілерге, ғылыми ережелерге сүйене отырып негіздеуі тиіс.

5-6 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Зерттеу нәтижелеріне баға беру және қорытындыларды тұжырымдау

2. Маман қорытындысын құрастыру және фотокестені рәсімдеу

Практикалық тапсырма:

3. Үшінші бөлігі қорытындыларды тұжырымдау.

Бұл жерде маманға қойылған сұрақтар бойынша қысқаша жауаптар келтіріледі. Бұл жауаптар қорытындының алдыңғы бөлігінде көрсетілген зерттеу нәтижелерін қайталауы тиіс.

Фотокестені рәсімдеу кезінде курсанттар бірқатар шарттар мен талаптарды сақтауы тиіс.

Фототүсірілімдер бірінші жағдайда заттай дәлелдемелерді (іздерді) бекіту құралы ретінде болады, ал екінші жағдайда – салыстырмалы зерттеу жүргізу нәтижелерін иллюстрациялайды.

Іздердің идентификациялау үшін жарамдылығы туралы маманның қорытындысы түсірілімдердің келесі түрлерімен иллюстрацияланады:

1. Іздер бар объектінің жалпы көрінісін көрсететін фототүсірілім. Түсірілімде іздер, бейненің жалпы сапасына шығын келтірместен, айқын көрінуі тиіс. Түсірілімде іздер нашар көрінсе немесе тіпті байқалмаса, онда олардың орналасқан учаскесін айналдырып шығу керек және қолтаңбада түсіндірме беру қажет. Фототүсірілім егжей-тегжейлі фототүсіру ережелері бойынша масштабтық сызғыштың көмегі арқылы орындалуы қажет.

2. Затта табылған іздердің фототүсірілімі. Өзара байланысты іздер тобын (бір қолдың саусақтарынан түскен), идентификациялау үшін жарамсыз іздермен қоса, бүтіндей фотоға түсіру қажет. Идентификациялау үшін жарамды іздер түсірілімде белгіленуі: айналдырып шығуы немесе тілмен (стрелкамен) көрсетілуі тиіс.

3. Идентификациялау үшін жарамды деп табылған әрбір іздің фототүсірілімдері.

ЕСКЕРТУ: Білімді аралық бақылау (оқу жұмыстарын қорғау) оқытушы 1 және 2-ші оқу зерттеуін тексергеннен кейін, курсанттардың пайда болған сұрақтарды нақтылау және КОӨЖ барысында дактилоскопиялық зерттеу жүргізу әдістемесінің теориялық сұрақтарын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 7, 15, 16, 17, 19, 28, 31, 35, 37, 38, 39 (2.7 тарауды қараңыз).

6-тақырып. Дактилоскопиялық зерттеудің әдістемесі.(12 сағат)

Осы тақырып бойынша практикалық сабақтар жүргізу процесінде курсанттар №№ 3 және 4 зерттеулерді жүргізеді (Саусақ және алақан ізінің фрагменті бойынша нәтижелері идентификациялық зерттеулер жүргізу).

6-1 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат) №3 зерттеуді орындайды (оң қорытындылы идентификациялық зерттеу)

Бақылау сұрақтары:

1. Зерттеуге келіп түскен материалдармен және объектілермен танысу.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар қол саусақ іздерін алады, зерттеуге келіп түскен материалдармен және объектілермен танысады.

Курсанттар қол саусағының ізін сипаттап жазуға кіріседі.

6-2 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат) №3 зерттеуді орындайды (оң қорытындылы идентификациялық зерттеу)

Бақылау сұрақтары:

1. Зерттеуге келіп түскен объектілерді фотоға түсіру.

2. Келіп түскен объектілерді зерттеу.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар №1 практикалық тапсырманы жалғастырады. Зерттелетін объектілерді фотоға түсіруді және фотосуреттер дайындайды.

6-3 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Осы зерттеу бойынша зерттеу нәтижелеріне баға беру және қорытындыларды тұжырымдау

2. Маманның қорытындысын құрастыру және фотокесте рәсімдеу.

Практикалық тапсырмалар:

Курсанттар маманның қорытындысын құрастырады және оған фотокестені рәсімдейді.

Маманның қорытындысын құрастыру кезінде маман қорытындысының 3 бөліктен тұратынын есте сақтаған жөн:

1. Зерттеудің кіріспе бөлігінде жалпы сипаттағы мәліметтер болуы тиіс:

- криминалистикалық бөліністің атауы;
- қорытындының нөмірі мен оның толтырылу датасы;
- зерттеуді кім жүргізгендігі (тегі, аты-жөні, білімі, мамандығы, ғылыми атағы мен шені, атқаратын лауазымы);
- зерттеу жүргізу үшін негіз (қаулы, ұйғарым, АЕАК, СДТТБТ, күдіктінің тегі, аты-жөні немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған факт);
- зерттеу жүргізу кезінде кім қатысты;
- криминалистикалық зерттеу түрінің атауы;
- криминалистикалық зерттеу жүргізудің тағайындалуына байланысты істің мән-жайлары;
- зерттеу объектілерін табу, бекіту, алу жағдайларына нұсқайтын мәліметтер;
- зерттеу жүргізуге келіп түскен объектілер;
- маманған қойылатын сұрақтар;
- алдындағы зерттеуді кім жүргізді (егер қайталама зерттеу жүргізілетін болса); сол зерттеу бойынша шығарылған тұжырымдар мен қайталама зерттеу жүргізуге негіз болып табылған мотивтер.

2. Зерттеу бөлігінде келесілер болуы тиіс:

а) іздер бар объектілерді қарап-тексеру нәтижелерінің сипаттау, объектілерді басқа да ұқсас объектілерден айыруға мүмкіндік беретін ерекшеліктерін қолдана отырып қысқаша сипаттау;

б) іздерді алдын ала зерттеу нәтижелерін сипаттау, іздер жөніндегі мәліметтер туралы көрсету: олардың сипаты, саны, түсі, орналасуы, папилляр өрнектердің толықтылығы мен сапасы; іздердің типтік және түрлік қатыстылығы;

в) іздерді анықтау бойынша қолданылған техникалық әдістер мен құралдарды атау;

г) бірнеше іздер бар болған жағдайда, олардың қай қолдан және қандай саусақтан түскендігін көрсету;

д) тұлғаны идентификациялау үшін іздердің қайсысының жарамды немесе жарамсыз екендігін көрсету;

е) іздерді фотоға түсіру жағдайларын көрсету.

Маманның зерттеу жүргізу барысын сипаттауы соңғы логикалық қорытынды тұжырым жасауға келтірілуі, анықталған белгілер туралы бағалау сипатындағы мәліметтер көрсетілуі және зерттеудің синтездеу бөлігіндегі тұжырымдар негізделуі тиіс.

Маман өз тұжырымын нақты фактілерге, ғылыми ережелерге сүйене отырып негіздеуі тиіс.

3. Қорытындының үшінші бөлігі - қорытынды.

Бұл жерде маманға қойылған сұрақтар бойынша қысқаша жауаптар келтіріледі. Бұл жауаптар қорытындының алдыңғы бөлігінде көрсетілген зерттеу нәтижелерін қайталауы тиіс.

Фотокестені рәсімдеу кезінде курсанттар бірқатар шарттар мен талаптарды сақтауы тиіс.

Фототүсірілімдер бірінші жағдайда заттай дәлелдемелерді (іздерді) бекіту құралы ретінде болады, ал екінші жағдайда – салыстырмалы зерттеу жүргізу нәтижелерін иллюстрациялайды.

Іздердің идентификациялау үшін жарамдылығы туралы маманның қорытындысы түсірілімдердің келесі түрлерімен иллюстрацияланады:

1. Іздер бар объектінің жалпы көрінісін көрсететін фототүсірілім. Түсірілімде іздер, бейненің жалпы сапасына шығын келтірместен, айқын көрінуі тиіс. Түсірілімде іздер нашар көрінсе немесе тіпті байқалмаса, онда олардың орналасқан учаскесін айналдырып шығу керек және қолтаңбада түсіндірме беру қажет. Фототүсірілім егжей-тегжейлі фототүсіру ережелері бойынша масштабтық сызғыштың көмегі арқылы орындалуы қажет.

2. Затта табылған іздердің фототүсірілімі. Өзара байланысты іздер тобын (бір қолдың саусақтарынан түскен), идентификациялау үшін жарамсыз іздермен қоса, бүтіндей фотоға түсіру қажет. Идентификациялау үшін жарамды іздер түсірілімде белгіленуі: айналдырып шығуы немесе тілмен (стрелкамен) көрсетілуі тиіс.

3. Идентификациялау үшін жарамды деп табылған әрбір іздің фототүсірілімдері.

Егер маман іздердің тексеріліп отырған адамнан қалдырылғаны туралы қорытындыға келетін болса, онда түсірілімнің осы үш түрімен идентификациялық зерттеу бойынша қорытынды да иллюстризацияланады. Фотокестеге қосымша саусақ таңбаларының түсірілімдері мен сәйкес келген адамның дактилокартасы кіргізіледі.

Фотокестеге белгі қою үшін кіргізілген қол және таңба іздерінің фототүсірілімі олардың сәйкес келетін белгілерін көріп-қабылдау тұрғысында анық болуы және 4-6 шегіндегі масштабқа келтірілуі тиіс.

Сәйкес келетін белгілерді белгілеу кезінде іздің фототүсірілімі сол жақта орналасуы, ал дактилокартаның тиісті таңбасы – оң жақта орналасуы қажет.

Сәйкес келетін белгілерді белгілеу іздің барлық бейнесі бойынша ғана емес, оның маман таңдап алған жеке фрагменті бойынша да иллюстризациялануы мүмкін. Мұндай жағдайда іздің алаңы мен түсірілімдегі таңба кішірейтілуі мүмкін.

Зерттелетін өрнектердің фотографиялық түсірілімдер кестеге кіргізіледі, олардағы сәйкес келетін белгілер – папилляр өрнектердің құрылу детальдары – қызыл түсті бояу сызықтармен және көк түсті біркелкі цифрлармен белгіленеді. Бақылаулық фототүсірілімдер де фотокестеге кіргізіледі, ал идентификациялық белгілер оларда белгіленбейді.

6-4 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Маманның қорытындысын құрастыру және фотокесте рәсімдеу.

2. Бұрынырақта жүргізілген зерттеу нәтижелеріне баға беру және қорытындыларды тұжырымдау.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар маманның қорытындысын құрастырады және оған фотокестені рәсімдейді.

Маманның қорытындысын құрастыру кезінде маман қорытындысының 3 бөліктен тұратынын есте сақтаған жөн:

1. Зерттеудің кіріспе бөлігінде жалпы сипаттағы мәліметтер болуы тиіс:

- криминалистикалық бөліністің атауы;
- қорытындының нөмірі мен оның толтырылу датасы;
- зерттеуді кім жүргізгендігі (тегі, аты-жөні, білімі, мамандығы, ғылыми атағы мен шені, атқаратын лауазымы);
- зерттеу жүргізу үшін негіз (қаулы, ұйғарым, АЕАК, СДТТБТ, күдіктінің тегі, аты-жөні немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған факт);
- зерттеу жүргізу кезінде кім қатысты;
- криминалистикалық зерттеу түрінің атауы;
- криминалистикалық зерттеу жүргізудің тағайындалуына байланысты істің мән-жайлары;
- зерттеу объектілерін табу, бекіту, алу жағдайларына нұсқайтын мәліметтер;
- зерттеу жүргізуге келіп түскен объектілер;
- маманған қойылатын сұрақтар;
- алдындағы зерттеуді кім жүргізді (егер қайталама зерттеу жүргізілетін болса); сол зерттеу бойынша шығарылған тұжырымдар мен қайталама зерттеу жүргізуге негіз болып табылған мотивтер.

2. Зерттеу бөлігінде келесілер болуы тиіс:

а) іздер бар объектілерді қарап-тексеру нәтижелерінің сипаттау, объектілерді басқа да ұқсас объектілерден айыруға мүмкіндік беретін ерекшеліктерін қолдана отырып қысқаша сипаттау;

б) іздерді алдын ала зерттеу нәтижелерін сипаттау, іздер жөніндегі мәліметтер туралы көрсету: олардың сипаты, саны, түсі, орналасуы, папилляр өрнектердің толықтылығы мен сапасы; іздердің типтік және түрлік қатыстылығы;

в) іздерді анықтау бойынша қолданылған техникалық әдістер мен құралдарды атау;

г) бірнеше іздер бар болған жағдайда, олардың қай қолдан және қандай саусақтан түскендігін көрсету;

д) тұлғаны идентификациялау үшін іздердің қайсысының жарамды немесе жарамсыз екендігін көрсету;

е) іздерді фотоға түсіру жағдайларын көрсету.

Маманның зерттеу жүргізу барысын сипаттауы соңғы логикалық қорытынды тұжырым жасауға келтірілуі, анықталған белгілер туралы бағалау сипатындағы мәліметтер көрсетілуі және зерттеудің синтездеу бөлігіндегі тұжырымдар негізделуі тиіс.

Маман өз тұжырымын нақты фактілерге, ғылыми ережелерге сүйене отырып негіздеуі тиіс.

3. Қорытындының үшінші бөлігі - қорытынды.

Бұл жерде маманға қойылған сұрақтар бойынша қысқаша жауаптар келтіріледі. Бұл жауаптар қорытындының алдыңғы бөлігінде көрсетілген зерттеу нәтижелерін қайталауы тиіс.

Фотокестені рәсімдеу кезінде курсанттар бірқатар шарттар мен талаптарды сақтауы тиіс.

Фототүсірілімдер бірінші жағдайда заттай дәлелдемелерді (іздерді) бекіту құралы ретінде болады, ал екінші жағдайда – салыстырмалы зерттеу жүргізу нәтижелерін иллюстрациялайды.

Іздердің идентификациялау үшін жарамдылығы туралы маманның қорытындысы түсірілімдердің келесі түрлерімен иллюстрацияланады:

4. Іздер бар объектінің жалпы көрінісін көрсететін фототүсірілім. Түсірілімде іздер, бейненің жалпы сапасына шығын келтірместен, айқын көрінуі тиіс. Түсірілімде іздер нашар көрінсе немесе тіпті байқалмаса, онда олардың орналасқан учаскесін айналдырып шығу керек және қолтаңбада түсіндірме беру қажет. Фототүсірілім егжей-тегжейлі фототүсіру ережелері бойынша масштабтық сызғыштың көмегі арқылы орындалуы қажет.

5. Затта табылған іздердің фототүсірілімі. Өзара байланысты іздер тобын (бір қолдың саусақтарынан түскен), идентификациялау үшін жарамсыз іздермен қоса, бүтіндей фотоға түсіру қажет. Идентификациялау үшін жарамды іздер түсірілімде белгіленуі: айналдырып шығуы немесе тілмен (стрелкамен) көрсетілуі тиіс.

6. Идентификациялау үшін жарамды деп табылған әрбір іздің фототүсірілімдері.

Егер маман іздердің тексеріліп отырған адамнан қалдырылғаны туралы қорытындыға келетін болса, онда түсірілімнің осы үш түрімен идентификациялық зерттеу бойынша қорытынды да иллюстризацияланады. Фотокестеге қосымша саусақ таңбаларының түсірілімдері мен сәйкес келген адамның дактилокартасы кіргізіледі.

Фотокестеге белгі қою үшін кіргізілген қол және таңба іздерінің фототүсірілімі олардың сәйкес келетін белгілерін көріп-қабылдау тұрғысында анық болуы және 4-6 шегіндегі масштабқа келтірілуі тиіс.

Сәйкес келетін белгілерді белгілеу кезінде іздің фототүсірілімі сол жақта орналасуы, ал дактилокартаның тиісті таңбасы – оң жақта орналасуы қажет.

Сәйкес келетін белгілерді белгілеу іздің барлық бейнесі бойынша ғана емес, оның маман таңдап алған жеке фрагменті бойынша да иллюстризациялануы мүмкін. Мұндай жағдайда іздің алаңы мен түсірілімдегі таңба кішірейтілуі мүмкін.

Зерттелетін өрнектердің фотографиялық түсірілімдер кестеге кіргізіледі, олардағы сәйкес келетін белгілер – папилляр өрнектердің құрылу детальдары – қызыл түсті бояу сызықтармен және көк түсті біркелкі цифрлармен белгіленеді. Бақылаулық фототүсірілімдер де фотокестеге кіргізіледі, ал идентификациялық белгілер оларда белгіленбейді.

6-5 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат): №4 зерттеуді орындайды (оң қорытындылы идентификациялық зерттеу)

Бақылау сұрақтары:

1. Зерттеуге келіп түскен материалдармен және объектілермен танысу.
2. Зерттеуге келіп түскен объектілерді фотоға түсіру.
3. Келіп түскен объектілерді зерттеу.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар қол саусақтарының іздерін алып, зерттеуге келіп түскен материалдармен және объектілермен танысады. Зерттелетін объектілерді фотоға түсіруге және фототүсірілімдерді дайындауға кіріседі.

Зерттеу жүргізу барысында іздерінді түсіру қойылатын талаптар:

1. Түссіз тер-май іздерін оларды алдын ала боямастан мүмкіндігінше фотоға түсіру.

2. Бір уақытта пайда болған және бір біріне жақын орналасқан іздер тобын, олардың тұлғаны идентификациялауға барлығы бірдей жарамды бола бермейтіндігіне қарамастан, бүтіндей фотоға түсіреді. Бұл осы іздердің қай қолдан және қандай саусақтан түскендігі туралы объективті пайымдауға мүмкіндік береді.

3. Із бейнелерінің масштабы олардың мақсатына байланысты анықталады.

Зерттеудің осы түрі бойынша келесідей фототүсірілімдерді дайындау қажет:

1. Қол іздері бар ұсынылған объектінің жалпы көрінісі.
2. Іздің жалпы көрінісі.

Аталған фототүсірілімдер егжей-тегжейлі фототүсіру ережелері бойынша – масштабы сызғышпен орындалады.

Курсанттар қол саусағының ізін сипаттап жазуға кіріседі:

Мысалы: «...Мөлдір дактопленкаға жарық көзіне әртүрлі бұрыштан және саңылаудан визуальды қарап-тексеру барысында оның із қабылдағыш беткейінде қолдың алақан беткейінің сопақ пішінді 65x30мм ізінің таңбасі анықталды. Ізде параллель папилляр сызықтар, сондай-ақ қоңыр түске боялған флексорлық сызықтардың учаскелері көрінеді. Іздің формасы мен көлемі, онда пайда болған папилляр сызықтары легінің өзара орналасуы мен бағыты, флексорлық сызықтың бар болуы – осы іздің алақанның «Тенар-4» беткейі аймағының учаскесінен қалдырылғандығы туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді (№ 3 фото).

4, 5 есе үлкейтетін дактилоскопиялық лупаның көмегімен егжей-тегжейлі зерттеу жүргізу кезінде ізде басталу, аяқталу, бірігу, тарамдану, қысқа сызықтар түріндегі папилляр өрнектердің құрылу детальдары байқалды және олар жиынтығы бойынша папилляр сызықтарының бағыты, олардың құламалығы (крутизна), формасы мен көлемі арқылы осы ізге тән және оны тұлғаны идентификациялау үшін жарамды деп тануға мүмкіндік беретін белгілердің жекелеуші (индивидуализирующий) кешенін құрайды.

Мельников Юрий Васильевичтің атына берілген дактилоскопиялық карта бекітілген үлгідег стандартты бланкіде қара түсті бояғыш затпен орындалған,

онда тиісті бірізділікпен орналасқан екі қолдың он саусағының таңбалары бар және бұл бақылаулық ізтаңбалармен (оттиски) расталады. Оң қолдың ортаңғы саусағының таңбасында доғал типті папилляр өрнектер, ал қалған тоғыз саусақтың таңбасында – ультнарлық тұзақты өрнектер көрінеді. Дактокартаның қарама-қарсы сыртқы бетінде екі қолдың алақандарының ізтаңбалары бар. Таңбалар (отпечатки) мен ізтаңбалар (оттиски) толық, анық түскен және бұл оларды салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін жарамды деп тануға негіз борла алады...».

6-6 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Осы зерттеу бойынша зерттеу нәтижелеріне баға беру және қорытындыларды тұжырымдау.
2. Маманның қорытындысын құрастыру және фотокесте рәсімдеу.
3. Бұрынырақта жүргізілген зерттеу нәтижелеріне баға беру және қорытындыларды тұжырымдау.

Практикалық тапсырмалар:

Курсанттар маманның қорытындысын құрастырады және оған фотокестені рәсімдейді.

Маманның қорытындысын құрастыру кезінде маман қорытындысының 3 бөліктен тұратынын есте сақтаған жөн:

Зерттеудің кіріспе бөлігінде жалпы сипаттағы мәліметтер болуы тиіс:

- криминалистикалық бөліністің атауы;
- қорытындының нөмірі мен оның толтырылу датасы;
- зерттеуді кім жүргізгендігі (тегі, аты-жөні, білімі, мамандығы, ғылыми атағы мен шені, атқаратын лауазымы);
- зерттеу жүргізу үшін негіз (қаулы, ұйғарым, АЕАК, СДТТБТ, күдіктінің тегі, аты-жөні немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған факт);
- зерттеу жүргізу кезінде кім қатысты;
- криминалистикалық зерттеу түрінің атауы;
- криминалистикалық зерттеу жүргізудің тағайындалуына байланысты істің мән-жайлары;
- зерттеу объектілерін табу, бекіту, алу жағдайларына нұсқайтын мәліметтер;
- зерттеу жүргізуге келіп түскен объектілер;
- маманған қойылатын сұрақтар;
- алдындағы зерттеуді кім жүргізді (егер қайталама зерттеу жүргізілетін болса); сол зерттеу бойынша шығарылған тұжырымдар мен қайталама зерттеу жүргізуге негіз болып табылған мотивтер.

Зерттеу бөлігінде келесілер болуы тиіс:

а) іздер бар объектілерді қарап-тексеру нәтижелерінің сипаттау, объектілерді басқа да ұқсас объектілерден айыруға мүмкіндік беретін ерекшеліктерін қолдана отырып қысқаша сипаттау;

б) іздерді алдын ала зерттеу нәтижелерін сипаттау, іздер жөніндегі мәліметтер туралы көрсету: олардың сипаты, саны, түсі, орналасуы, папилляр

өрнектердің толықтылығы мен сапасы; іздердің типтік және түрлік қатыстылығы;

в) іздерді анықтау бойынша қолданылған техникалық әдістер мен құралдарды атау;

г) бірнеше іздер бар болған жағдайда, олардың қай қолдан және қандай саусақтан түскендігін көрсету;

д) тұлғаны идентификациялау үшін іздердің қайсысының жарамды немесе жарамсыз екендігін көрсету;

е) іздерді фотоға түсіру жағдайларын көрсету.

Маманның зерттеу жүргізу барысын сипаттауы соңғы логикалық қорытынды тұжырым жасауға келтірілуі, анықталған белгілер туралы бағалау сипатындағы мәліметтер көрсетілуі және зерттеудің синтездеу бөлігіндегі тұжырымдар негізделуі тиіс.

Маман өз тұжырымын нақты фактілерге, ғылыми ережелерге сүйене отырып негіздеуі тиіс.

Қорытындының үшінші бөлігі - қорытынды.

Бұл жерде маманға қойылған сұрақтар бойынша қысқаша жауаптар келтіріледі. Бұл жауаптар қорытындының алдыңғы бөлігінде көрсетілген зерттеу нәтижелерін қайталауы тиіс.

Фотокестені рәсімдеу кезінде курсанттар бірқатар шарттар мен талаптарды сақтауы тиіс.

Фототүсірілімдер бірінші жағдайда заттай дәлелдемелерді (іздерді) бекіту құралы ретінде болады, ал екінші жағдайда – салыстырмалы зерттеу жүргізу нәтижелерін иллюстрациялайды.

Іздердің идентификациялау үшін жарамдылығы туралы маманның қорытындысы түсірілімдердің келесі түрлерімен иллюстрацияланады:

1. Іздер бар объектінің жалпы көрінісін көрсететін фототүсірілім. Түсірілімде іздер, бейненің жалпы сапасына шығын келтірместен, айқын көрінуі тиіс. Түсірілімде іздер нашар көрінсе немесе тіпті байқалмаса, онда олардың орналасқан учаскесін айналдырып шығу керек және қолтаңбада түсіндірме беру қажет. Фототүсірілім егжей-тегжейлі фототүсіру ережелері бойынша масштабтық сызғыштың көмегі арқылы орындалуы қажет.

2. Затта табылған іздердің фототүсірілімі. Өзара байланысты іздер тобын (бір қолдың саусақтарынан түскен), идентификациялау үшін жарамсыз іздермен қоса, бүтіндей фотоға түсіру қажет. Идентификациялау үшін жарамды іздер түсірілімде белгіленуі: айналдырып шығуы немесе тілмен (стрелкамен) көрсетілуі тиіс.

3. Идентификациялау үшін жарамды деп табылған әрбір іздің фототүсірілімдері.

Егер маман іздердің тексеріліп отырған адамнан қалдырылғаны туралы қорытындыға келетін болса, онда түсірілімнің осы үш түрімен идентификациялық зерттеу бойынша қорытынды да иллюстрацияланады. Фотокестеге қосымша саусақ таңбаларының түсірілімдері мен сәйкес келген адамның дактилокартасы кіргізіледі.

Фотокестеге белгі қою үшін кіргізілген қол және таңба іздерінің фототүсірілімі олардың сәйкес келетін белгілерін көріп-қабылдау тұрғысында анық болуы және 4-6 шегіндегі масштабқа келтірілуі тиіс.

Сәйкес келетін белгілерді белгілеу кезінде іздің фототүсірілімі сол жақта орналасуы, ал дактилокартаның тиісті таңбасы – оң жақта орналасуы қажет.

Сәйкес келетін белгілерді белгілеу іздің барлық бейнесі бойынша ғана емес, оның маман таңдап алған жеке фрагменті бойынша да иллюстризациялануы мүмкін. Мұндай жағдайда іздің алаңы мен түсірілімдегі таңба кішірейтілуі мүмкін.

Зерттелетін өрнектердің фотографиялық түсірілімдер кестеге кіргізіледі, олардағы сәйкес келетін белгілер – папилляр өрнектердің құрылу детальдары – қызыл түсті бояу сызықтармен және көк түсті біркелкі цифрлармен белгіленеді. Бақылаулық фототүсірілімдер де фотокестеге кіргізіледі, ал идентификациялық белгілер оларда белгіленбейді.

6-7 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Маманның қорытындысын құрастыру және фотокесте рәсімдеу.

2. Бұрынырақта жүргізілген зерттеу нәтижелеріне баға беру және қорытындыларды тұжырымдау.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар маманның қорытындысын құрастырады және оған фотокестені рәсімдейді.

Маманның қорытындысын құрастыру кезінде маман қорытындысының 3 бөліктен тұратынын есте сақтаған жөн:

1. Зерттеудің кіріспе бөлігінде жалпы сипаттағы мәліметтер болуы тиіс:

- криминалистикалық бөліністің атауы;
- қорытындының нөмірі мен оның толтырылу датасы;
- зерттеуді кім жүргізгендігі (тегі, аты-жөні, білімі, мамандығы, ғылыми атағы мен шені, атқаратын лауазымы);

- зерттеу жүргізу үшін негіз (қаулы, ұйғарым, АЕАК, СДТТБТ, күдіктінің тегі, аты-жөні немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған факт);

- зерттеу жүргізу кезінде кім қатысты;

- криминалистикалық зерттеу түрінің атауы;

- криминалистикалық зерттеу жүргізудің тағайындалуына байланысты істің мән-жайлары;

- зерттеу объектілерін табу, бекіту, алу жағдайларына нұсқайтын мәліметтер;

- зерттеу жүргізуге келіп түскен объектілер;

- маманған қойылатын сұрақтар;

- алдындағы зерттеуді кім жүргізді (егер қайталама зерттеу жүргізілетін болса); сол зерттеу бойынша шығарылған тұжырымдар мен қайталама зерттеу жүргізуге негіз болып табылған мотивтер.

2. Зерттеу бөлігінде келесілер болуы тиіс:

а) іздер бар объектілерді қарап-тексеру нәтижелерінің сипаттау, объектілерді басқа да ұқсас объектілерден айыруға мүмкіндік беретін ерекшеліктерін қолдана отырып қысқаша сипаттау;

б) іздерді алдын ала зерттеу нәтижелерін сипаттау, іздер жөніндегі мәліметтер туралы көрсету: олардың сипаты, саны, түсі, орналасуы, папилляр өрнектердің толықтылығы мен сапасы; іздердің типтік және түрлік қатыстылығы;

в) іздерді анықтау бойынша қолданылған техникалық әдістер мен құралдарды атау;

г) бірнеше іздер бар болған жағдайда, олардың қай қолдан және қандай саусақтан түскендігін көрсету;

д) тұлғаны идентификациялау үшін іздердің қайсысының жарамды немесе жарамсыз екендігін көрсету;

е) іздерді фотоға түсіру жағдайларын көрсету.

Маманның зерттеу жүргізу барысын сипаттауы соңғы логикалық қорытынды тұжырым жасауға келтірілуі, анықталған белгілер туралы бағалау сипатындағы мәліметтер көрсетілуі және зерттеудің синтездеу бөлігіндегі тұжырымдар негізделуі тиіс.

Маман өз тұжырымын нақты фактілерге, ғылыми ережелерге сүйене отырып негіздеуі тиіс.

3. Қорытындының үшінші бөлігі - қорытынды.

Бұл жерде маманға қойылған сұрақтар бойынша қысқаша жауаптар келтіріледі. Бұл жауаптар қорытындының алдыңғы бөлігінде көрсетілген зерттеу нәтижелерін қайталауы тиіс.

Фотокестені рәсімдеу кезінде курсанттар бірқатар шарттар мен талаптарды сақтауы тиіс.

Фототүсірілімдер бірінші жағдайда заттай дәлелдемелерді (іздерді) бекіту құралы ретінде болады, ал екінші жағдайда – салыстырмалы зерттеу жүргізу нәтижелерін иллюстрациялайды.

Іздердің идентификациялау үшін жарамдылығы туралы маманның қорытындысы түсірілімдердің келесі түрлерімен иллюстрацияланады:

1. Іздер бар объектінің жалпы көрінісін көрсететін фототүсірілім. Түсірілімде іздер, бейненің жалпы сапасына шығын келтірместен, айқын көрінуі тиіс. Түсірілімде іздер нашар көрінсе немесе тіпті байқалмаса, онда олардың орналасқан учаскесін айналдырып шығу керек және қолтаңбада түсіндірме беру қажет. Фототүсірілім егжей-тегжейлі фототүсіру ережелері бойынша масштабтық сызғыштың көмегі арқылы орындалуы қажет.

2. Затта табылған іздердің фототүсірілімі. Өзара байланысты іздер тобын (бір қолдың саусақтарынан түскен), идентификациялау үшін жарамсыз іздермен қоса, бүтіндей фотоға түсіру қажет. Идентификациялау үшін жарамды іздер түсірілімде белгіленуі: айналдырып шығуы немесе тілмен (стрелкамен) көрсетілуі тиіс.

3. Идентификациялау үшін жарамды деп табылған әрбір іздің фототүсірілімдері.

Егер маман іздердің тексеріліп отырған адамнан қалдырылғаны туралы қорытындыға келетін болса, онда түсірілімнің осы үш түрімен идентификациялық зерттеу бойынша қорытынды да иллюстризацияланады. Фотокестеге қосымша саусақ таңбаларының түсірілімдері мен сәйкес келген адамның дактилокартасы кіргізіледі.

Фотокестеге белгі қою үшін кіргізілген қол және таңба іздерінің фототүсірілімі олардың сәйкес келетін белгілерін көріп-қабылдау тұрғысында анық болуы және 4-6 шегіндегі масштабқа келтірілуі тиіс.

Сәйкес келетін белгілерді белгілеу кезінде іздің фототүсірілімі сол жақта орналасуы, ал дактилокартаның тиісті таңбасы – оң жақта орналасуы қажет.

Сәйкес келетін белгілерді белгілеу іздің барлық бейнесі бойынша ғана емес, оның маман таңдап алған жеке фрагменті бойынша да иллюстризациялануы мүмкін. Мұндай жағдайда іздің алаңы мен түсірілімдегі таңба кішірейтілуі мүмкін.

Зерттелетін өрнектердің фотографиялық түсірілімдер кестеге кіргізіледі, олардағы сәйкес келетін белгілер – папилляр өрнектердің құрылу детальдары – қызыл түсті бояу сызықтармен және көк түсті біркелкі цифрлармен белгіленеді. Бақылаулық фототүсірілімдер де фотокестеге кіргізіледі, ал идентификациялық белгілер оларда белгіленбейді.

6-8 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Маманның қорытындысын құрастыру және фотокесте рәсімдеу.

2. Бұрынырақта жүргізілген зерттеу нәтижелеріне баға беру және қорытындыларды тұжырымдау.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар маманның қорытындысын құрастырады және оған фотокестені рәсімдейді.

Фотокестені рәсімдеу кезінде курсанттар бірқатар шарттар мен талаптарды сақтауы тиіс.

Фототүсірілімдер бірінші жағдайда заттай дәлелдемелерді (іздерді) бекіту құралы ретінде болады, ал екінші жағдайда – салыстырмалы зерттеу жүргізу нәтижелерін иллюстрациялайды.

Іздердің идентификациялау үшін жарамдылығы туралы маманның қорытындысы түсірілімдердің келесі түрлерімен иллюстрацияланады:

1. Іздер бар объектінің жалпы көрінісін көрсететін фототүсірілім. Түсірілімде іздер, бейненің жалпы сапасына шығын келтірместен, айқын көрінуі тиіс. Түсірілімде іздер нашар көрінсе немесе тіпті байқалмаса, онда олардың орналасқан учаскесін айналдырып шығу керек және қолтаңбада түсіндірме беру қажет. Фототүсірілім егжей-тегжейлі фототүсіру ережелері бойынша масштабтық сызғыштың көмегі арқылы орындалуы қажет.

2. Затта табылған іздердің фототүсірілімі. Өзара байланысты іздер тобын (бір қолдың саусақтарынан түскен), идентификациялау үшін жарамсыз іздермен қоса, бүтіндей фотоға түсіру қажет. Идентификациялау үшін жарамды іздер түсірілімде белгіленуі: айналдырып шығуы немесе тілмен (стрелкамен) көрсетілуі тиіс.

3. Идентификациялау үшін жарамды деп табылған әрбір іздің фототүсірілімдері.

ЕСКЕРТУ: Білімді аралық бақылау (оқу жұмыстарын қорғау) оқытушы 3 және 4-ші оқу зерттеуін тексергеннен кейін, курсанттардың пайда болған сұрақтарды нақтылау және КОӨЖ барысында дактилоскопиялық зерттеу жүргізу әдістемесінің теориялық сұрақтарын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 19, 21, 22, 25, 27 (2.7 бөлімді қараңыз).

№7-тақырып Пороэджеоскопиялық зерттеу: мәні мен жүргізу әдістемесінің ерекшелігі. (2 сағат)

7-1 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат):

Курсант осы тақырып бойынша практикалық сабақта №5 зерттеуді орындайды адамды идентификациялау үшін қол алақан ізінің фрагментінің жарамдылығы теріс қорытынды жасау

Бақылау сұрақтары:

1. Пороэджеоскопиялық зерттеуінің дамуы, тарихы.
2. Пороэджеоскопиялық зерттеуінің заманауи мүмкіндіктері.
3. Пороэджеоскопиялық зерттеуді жүргізу әдістемесінің ерекшеліктері

Практикалық тапсырма:

Курсанттар тапсырманы сұрақтар тізбесі түрінде орындап, оларға жазбаша түрде жауаптарын жазады:

- а) Пороскопия мен эджеоскопия анықтамаларын айтып берініз;
- б) Пороскопиялық және эджеоскопиялық зерттеулер әдістемелерінің жалпы сипаттамасы мен айырмашылықтарын көрсетініз;
- в) Пороскопиялық зерттеу кезінде қандай белгілердің топтастығы ескеріледі?
- г) Сапалық белгілерді сипаттау үшін қандай сипаттамалар пайдаланады?
- д) Салыстырмалы зерттеу үшін ұсынылған үлгілерге қойылатын талаптарды атаңыз;
- е) Ұсынылған суреттерде (оқытушымен ұсынылған) папилляр сызықтардың детальдарын атап көрсетініз;
- ж) Ұсынылған суреттерде (оқытушымен ұсынылған) папилляр өрнектердің құрылымының детальдарын атап және белгілеулер жасаныз;
- з) Осы суретте (оқытушымен ұсынылған) белгілеулер жасаныз;
- к) Папилляр өрнектердің (оқытушымен ұсынылған) сыртқы пішіндерінің ерекшеліктерін сипаттаныз;
- л) Іздің фрагментін (оқытушымен ұсынылған) масштабты үлкейту арқылы фототүсірілім жасап, фото үшін арналған орынға жабыстыру керек;
- м) Пороскопиялық және эджеоскопиялық белгілердің белгілеулерін жасаныз.

ЕСКЕРТУ: Білімді аралық бақылау (оқу жұмыстарын қорғау) оқытушы 5-ші оқу зерттеуін тексергеннен кейін, курсанттардың пайда болған сұрақтарды нақтылау және КОӨЖ барысында дактилоскопиялық зерттеу

жүргізу әдістемесінің теориялық сұрақтарын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 19, 21, 22, 25, 27 (2.7 бөлімді қараңыз).

8-тақырып. Автоматтандырылған дактилоскопиялық жүйесінің тіркеуі (2 сағат)

8-1 практикалық сабақ

Бақылау сұрақтары:

1. Автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық іздеу жүйесі – Папилон АДАЖ.

2. АДАЖ Папилонға мәліметтерді енгізу.

Практикалық тапсырмалар:

Курсанттар автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық іздеу жүйесі АДАЖ – Папилонмен танысады.

Курсанттар Автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық іздеу жүйесі АДАЖ – Папилонмен танысады. Танысқаннан кейін алдын ала және басты (негізгі) көшірім жасап, дактилокарта базасына ендіріп, ендірілген мәліметтерді сақтайды.

Содан кейін АДАЖ базасында сақталған дактилокартадағы мәліметтерді кодпен жазып және редакциялауды жасау.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 19, 21, 22, 25, 27, 31, 32, 34, 39 (2.7 бөлімді қараңыз)

Курсанттардың оқытушының басшылығымен өзіндік жұмысы

1-тақырып. Дактилоскопия: тарихы мен негізгі даму кезеңдері. Дактилоскопияның негізгі ұғымдары және оларды құқық қорғау органдары қызметінде қолдану.

КООЖ (1 сағат)

Тапсырма

1. Дактилоскопияның даму тарихы.

2. Дактилоскопияның ұғымы мен міндеттері.

3. Қол беткейінің және аяқ табанының ұлтанының тері жамылғысының құрылымы және қасиеттері.

Сабақ ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар: осы және бұған дейінгі тақырып бойынша негізгі терминдерді игеруі; курстың пәні туралы негізгі ережелерді, тері жамылғысының құрылымын, папилляр өрнектердің қасиеттерін, папилляр өрнектердің титері мен түрлерін, дельталардың түрлері мен құрылымдарын, дактилоскопиялық зерттеуде идентификациялық белгілердің жіктелуін және сипаттау ережелерін білуі тиіс.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: 7,13, 24, 25, 26, 27, 40 (2.7 тарауды қараңыз)

2-тақырып. Адамның дене терісіндегі папилляр өрнектер: жіктелуі, олардың құрылымдарының жалпы және жеке белгілері. (2 сағат)

КООЖ – 1 (1 сағат)

Тапсырма

1. Қол алақан беткейінің және аяқ табанының ұлтанының тері жамылғысының құрылымы, олардың криминалистикалық маңызды қасиеттері.

2. Папилляр өрнектердің жалпы (ортақ) білгілері.

Сабақ ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар: осы және бұған дейінгі тақырып бойынша негізгі терминдерді игеруі; іздерді бекіту мен алу туралы негізгі мәліметтерді, тері жамылғысының құрылымын, папилляр өрнектердің қасиеттерін, папилляр өрнектердің типтері мен түрлерін, дельталардың түрлері мен құрылымдарын, дактилоскопиялық зерттеуде идентификациялық белгілердің жіктелуін және сипаттау ережелерін білуі тиіс.

КООЖ – 2 (1 сағат)

Тапсырма

1. Папилляр өрнектердің жіктелуі.

2. Папилляр өрнектердің идентификациялық қасиеттері.

Сабақ ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар: осы және бұған дейінгі тақырып бойынша негізгі терминдерді игеруі; дактилоскопиялық зерттеуде идентификациялық белгілердің жіктелуін және сипаттау ережелерін білуі тиіс.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: 7, 24, 25, 26, 27 (2.7 тарауды қараңыз)

3-тақырып. Адам қолының іздері: пайда болу механизмі, табу, анықтау, бекіту және алудың ережелері мен әдістері. (2 сағат)

КООЖ – 1 (1 сағат)

Тапсырма

1. Доғал папилляр өрнектер.

2. Тұзақты папилляр өрнектер.

3. Өрілмелі папилляр өрнектер.

Сабақ ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар: осы және бұған дейінгі тақырып бойынша негізгі терминдерді игеруі; папилляр өрнектердің типтері мен түрлерін білуі тиіс.

КООЖ – 1 (1 сағат)

Тапсырма

1. Қол іздерінің пайда болу механизмі және сақталу мерзімдері.

2. Қол іздерін табу және анықтау ережелері мен әдістері және оларды қолданудың реттілігі. Өртүрлі беткейлердегі қол іздерін анықтау ерекшеліктері.

3. Қол іздерін бекіту мен алудың процестік тәртібі.

Сабақ ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар: осы және бұған дейінгі тақырып бойынша негізгі терминдерді игеруі; қол іздері түрлерін, жіктелуін және табудың, анықтаудың негізгі тәсілдері мен әдістерінің мазмұнын, іздерді бекіту мен алу туралы негізгі

мәліметтерді, әртүрлі беткейлердегі қол іздерін анықтау ерекшеліктерін, қол іздерін бекіту мен алудың техникалық және процестік ерекшеліктері, қол іздері бар объектілерді сақтау және буып-түюдің ережелерін білуі тиіс.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: 7, 8, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 (2.7 бөлімді қараңыз)

4-тақырып. Тірі адамдар мен мәйіттерді (өліктерді) дактилоскопиялау (1 сағат)

КОӨЖ – 1 (1 сағат)

Тапсырма

1. Тірі адамдарды дактилоскопиялау ережелері.
2. Мәйітті дактилоскопиялау ережелері.
3. Дактилокарталарды рәсімдеу әдістері.

Сабақ ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Оқытушының басшылығымен жүргізілетін дайындық кезінде курсанттар келесі анықтамалар мен ұғымдарды білуі тиіс: дактилоскопиялау, мемлекеттік дактилоскопиялық тіркеу, дактилоскопиялық ақпарат, материалдық тасымалдаушы, дактилоскопиялық карта.

Өзіндік дайындық негізінде курсанттар: тірі адамдарды және мәйітті дактилоскопиялаудың құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерін; тірі адамдарды дактилоскопиялауға қойылатын талаптарды; бояусыз дактилоскопиялауды өткізу кезінде заманауи техникалық құралдарды қолдану ережелерін, дактилокарталарды рәсімдеу ережелерін білуі тиіс.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: 7, 12, 15, 22, 23, 32, 33 (2.7 бөлімді қараңыз)

5-тақырып. Адам қолының іздерін алдын ала зерттеу. (3 сағат)

КОӨЖ – 1 (1 сағат)

Тапсырма

1. Оқиға орнында адам қол іздерін алдын ала зерттеу мақсаттары мен міндеттері.

2. Іздің қай қолмен және қандай саусақтармен қалдырылған анықтауға мүмкіндік беретін белгілер.

Сабақ ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар: келесі анықтамалар мен ұғымдарды конспектілеуі тиіс: алдын ала зерттеу, тергеуші, маман, тергеу әрекеті, оқиға орнын қарап-тексеру.

КОӨЖ – 2 (1 сағат)

Тапсырма

Сабақ практикалық сабақ элементтері бар ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар: маманның оқиға орнындағы әрекетінің реттілігін, оқиға орнын қарап-тексеру және іздерді алдын ала зерттеу барысында маман анықтай алатын мәліметтерді-қылмыскердің ықтимал тұлғасы туралы мәліметтерді анықтауды(ықтимал жынысы, жасы, мамандығы және т.б. анықталады), идентификациялауға іздердің жарамдылығын; із қалдырылған қол мен саусақты

анықтауға мүмкіндік беретін белгілерді (топографиялық белгілер, өлшемі, пішіні, іздердің өзара орналасуы, папилляр өрнектердің құрылымы) білуі тиіс.

Курсанттар практикалық сабақтардың материалдарын қолдана отырып криминалистикалық зерттеуді аяқтап №1 адамды идентификациялау үшін қол саусақ ізінің жарамдылығын анықтау криминалистикалық зерттеуді құрайды.

КОӨЖ – 3 (1 сағат)

Тапсырма

Сабақ практикалық сабақ элементтері бар ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар: маманның оқиға орнындағы әрекетінің реттілігін, оқиға орнын қарап-тексеру және іздерді алдын ала зерттеу барысында маман анықтай алатын мәліметтерді-қылмыскердің ықтимал тұлғасы туралы мәліметтерді анықтауды(ықтимал жынысы, жасы, мамандығы және т.б. анықталады), идентификациялауға іздердің жарамдылығын; із қалдырылған қол мен саусақты анықтауға мүмкіндік беретін белгілерді (топографиялық белгілер, өлшемі, пішіні, іздердің өзара орналасуы, папилляр өрнектердің құрылымы) білуі тиіс.

Курсанттар практикалық сабақтардың материалдарын қолдана отырып криминалистикалық зерттеуді аяқтап №1 адамды идентификациялау үшін қол саусақ ізінің жарамдылығын анықтау; №2 адамды идентификациялау үшін қол саусақ ізінің жарамдылығын анықтау, бірақта идентификацияланатынмен қалдырылмай басқа адаммен қалдырған (теріс қорытынды); криминалистикалық зерттеуді құрайды.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: 7, 15, 16, 17, 19, 28, 31, 35, 37, 38, 39 (2.7 бөлімді қараңыз)

6-тақырып. Дактилоскопиялық зерттеудің әдістемесі (4 сағат)

КОӨЖ – 1 (1 сағат)

Тапсырма

1. Дактилоскопиялық зерттеудің түсінігі, пәні, объектісі және міндеттері.
2. Дактилоскопиялық зерттеуге жіберілетін материалдар және қол іздерін зерттеуде шешілетін сұрақтар.

Сабақ практикалық сабақ элементтері бар ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар: дактилоскопиялық зерттеудің түсінігі, пәні, объектісі және міндеттерін; дактилоскопиялық зерттеуге жіберілетін материалдар және қол іздерін зерттеуде шешілетін сұрақтарды игеруі тиіс.

КОӨЖ – 2 (1 сағат)

Тапсырма

1. Дактилоскопиялық зерттеудің әдістемесінің кезеңдері және олардың мазмұны.

2. Қол алақан және аяқ табанын идентификациялық зерттеу ерекшеліктері.

Сабақ практикалық сабақ элементтері бар ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар: дактилоскопиялық зерттеудің әдістемесінің кезеңдері және олардың мазмұнын; қол алақан және аяқ табанын идентификациялық зерттеу ерекшеліктерін игеруі тиіс.

КООЖ – 3 (1 сағат)

Тапсырма

1. Маманның қорытындысының құрылымы мен мазмұны.

Сабақ практикалық сабақ элементтері бар ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар: маман қорытындысының құрылымы мен мазмұнын игеруі тиіс.

Курсанттар практикалық сабақтардың материалдарын қолдана отырып криминалистикалық зерттеуді аяқтап №4 оң нәтижелі қол алақан ізінің фрагменті маманның идентификациялық қорытындысын құрайды.

КООЖ – 4 (1 сағат)

Тапсырма

1. Объектілерді дактилоскопиялық зерттеу сатылары:

а) алдын ала зерттеу;

б) детальдік зерттеу;

в) зерттеу нәтижелерін бағалау және қорытындыны тұжырымдау;

г) зерттеу материалдарын рәсімдеу;

Сабақ практикалық сабақ элементтері бар ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар практикалық сабақтардың материалдарын қолдана отырып оң нәтижемен сарапшының идентификациялық қорытындысын шығару арқылы №3 және 4 (қол саусақ ізі мен қол алақан фрагмент ізінің идентификациялық зерттеуі оң нәтижелі) криминалистикалық зерттеулерін аяқтайды.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: 7, 9, 10, 11, 16, 17, 25, 26, 27, 28, 38, 39, 40 (2.7 бөлімді қараңыз)

№7-тақырып. Пороэджеоскопиялық зерттеу: мәні мен жүргізу әдістемесінің ерекшелігі. (1 сағат)

КООЖ – 1 (1 сағат)

Тапсырма

1. Пороэджеоскопиялық іздерді зерттеу әдістері.

2. Папилляр сызықтардың микрорельеф белгілерін анықтау.

Курсанттар осы және алдында тақырыптың негізгі терминдарын, пороскопия мен эджеоскопияға негізделген идентификацияның әдістерін білу, микрорельефін белгілерін білу, пороскопиялық идентификация неге негізделгені, қай жағдайларда пороэджеоскопиялық зерттеуге сүйенуді білулері қажет.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: 7, 9, 10, 11, 16, 17, 25, 26, 27, 28, 38, 39, 40, 43, 48 (2.7 бөлімді қараңыз)

8-тақырып. Автоматтандырылған дактилоскопиялық жүйесінің тіркеуі (1 сағат)

КОӨЖ -1 (1 сағат)

Тапсырма

1. Тірі адамдарды дактилоскопиялаудың құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздері. Дактилокарталарды рәсімдеу ережелері.

2. Бояусыз дактилоскопиялауды өткізу кезінде заманауи техникалық құралдарды қолдану ережелері.

Сабақ ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар: осы және бұған дейінгі тақырып бойынша негізгі терминдерді игеруі; тірі адамдарды дактилоскопиялаудың құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерін; дактилокарталарды рәсімдеу ережелерін; бояусыз дактилоскопиялауды өткізу кезінде заманауи техникалық құралдарды қолдану ережелерін білуі тиіс.

Курсанттар практикалық сабақтардың материалдарын қолдана отырып №5 криминалистикалық зерттеуді аяқтап, қол алақан ізінің фрагментінің жарамдылығының теріс нәтижелі маманның қорытындысын құрастыру.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 19, 21, 22, 25, 27, 31, 32, 34, 39 (2.7 бөлімді қараңыз)

Курсанттардың өзіндік жұмысы

1-тақырып. Дактилоскопия: тарихы мен негізгі даму кезеңдері. Дактилоскопияның негізгі ұғымдары және оларды құқық қорғау органдары қызметінде қолдану. (4 сағат)

Курсанттар өзіндік дайындық барысында зерделеуі тиіс:

1. Дактилоскопияның және дактилоскопиялық зерттеудің қалыптасуы және дамуы.

2. Дактилоскопияның пәне және дактилоскопиялық зерттеумен шешілетін міндеттер.

Конспектілеу:

№	Конспектіленетін қайнар көз	оқу материалы	Конспект мазмұны
	Торвальд Ю. «Век криминалистики». М., 1984г.	Электрон.нұсқа	Дактилоскопияның қалыптасуы мен дамуы

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: 7, 13, 24, 25, 26, 27, 40 (2.7 бөлімді қараңыз)

2-тақырып. Адамның дене терісіндегі папилляр өрнектер: жіктелуі, олардың құрылымдарының жалпы және жеке белгілері. (8 сағат)

Курсанттар өзіндік дайындық барысында зерделеуі тиіс:

1 Папилляр өрнектердің идентификациялық белгілері.

Конспектілеу:

№	Конспектіленетін қайнар көз	оқу материалы	Конспект мазмұны
	Моисеева, Т.Ф. Комплексное криминалистическое исследование	Электрон. нұсқа	Дактилоскопиялық зерттеу жүргізу кезінде

потожировых следов человека: учеб.пособие / Т.Ф. Моисеева. – М.: БЕК, 2000. – 222 с.	идентификациялық зерттеу
--	--------------------------

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: 7, 24, 25, 26, 27 (2.7 бөлімді қараңыз)

3-тақырып. Адам қолының іздері: пайда болу механизмі, табу, анықтау, бекіту және алудың ережелері мен әдістері. (10 сағат)

Курсанттар өзіндік дайындық барысында зерделеуі тиіс:

1. Қол іздерінің пайда болу механизмі және сақталу мерзімдері.
2. Қол іздерін табу және анықтау ережелері мен әдістері және оларды қолданудың реттілігі. Әртүрлі беткейлердегі қол іздерін анықтау ерекшеліктері.
3. Қол іздерін бекіту мен алудың процестік тәртібі.
4. Қол іздерін бекіту мен алудың техникалық тәртібі.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: 7, 8, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 (2.7 бөлімді қараңыз)

4-тақырып. Тірі адамдар мен мәйіттерді (өліктерді) дактилоскопиялау. (5 сағат)

Курсанттар өзіндік дайындық барысында зерделеуі тиіс:

1. Тірі адамдарды дактилоскопиялау ережелері.
2. Мәйітті дактилоскопиялау ережелері.
3. Дактилокарталарды рәсімдеу әдістері.
4. Тері қабатының өзгеруінсіз мәйіттерді дактилоскопиялау.
5. Қол саусақтарының зақымдануы кезінде және басқа да ерекше жағдайларда (эпидермистің бұзылуы, эпидермистің болмауы, мумияланған саусақтар) мәйіттерді дактилоскопиялау.

Өзіндік дайындық кезінде курсанттар: дактилоскопиялау, мемлекеттік дактилоскопиялық тіркеу, дактилоскопиялық ақпарат, материалдық тасымалдаушы, дактилоскопиялық карта, тірі адамдарды және мәйітті дактилоскопиялаудың құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерін; тірі адамдарды дактилоскопиялауға қойылатын талаптарды; бояусыз дактилоскопиялауды өткізу кезінде заманауи техникалық құралдарды қолдану ережелерін, дактилокарталарды рәсімдеу ережелерін, білуі тиіс.

Конспектілеу қажет:

№	Конспектіленетін қайнар көз	Оқу материалы	Конспект мазмұны
	Кисин, М.В. Дактилоскопирование рук трупов при повреждении и разрушении эпидермиса пальцев: учеб.пособие / М.В. Кисин. М.: Высшая школа, 1961. – 76 с.	Электрондық нұсқа	Мәйіттің саусақтарын дактилоскопиялау

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (7, 12, 15, 22, 23, 32, 33 2.7 бөлімді қараңыз)

5-тақырып. Адам қолының іздерін алдын ала зерттеу. (9 сағат)

Өзіндік дайындық уақытында курсанттар: осы және бұған дейінгі тақырып бойынша негізгі терминдерді, оқиға орнында адам қолының іздерін алдын ала зерттеу мақсаттары мен міндеттерін, іздің қай қолмен және қандай саусақтармен қалдырылғандығын анықтауға мүмкіндік беретін белгілерді білуі тиіс.

Дайындық материалдарын қолдана отырып курсанттар: маманның оқиға орнындағы әрекетінің реттілігін, оқиға орнын қарап-тексеру және іздерді алдын ала зерттеу барысында маман анықтай алатын мәліметтерді-қылмыскердің ықтимал тұлғасы туралы мәліметтерді анықтауды(ықтимал жынысы, жасы, мамандығы және т.б. анықталады), идентификациялауға іздердің жарамдылығын; із қалдырылған қол мен саусақты анықтауға мүмкіндік беретін белгілерді (топографиялық белгілер, өлшемі, пішіні, іздердің өзара орналасуы, папилляр өрнектердің құрылымы) білуі тиіс.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: 7, 15, 16, 17, 19, 28, 31, 35, 37, 38, 39 (2.7 бөлімді қараңыз)

6-тақырып. Дактилоскопиялық зерттеудің әдістемесі (26 сағат)

Курсанттар өзіндік дайындық барысында зерделеуі тиіс:

1. Объектілерді дактилоскопиялық зерттеу сатылары:

- а) алдын ала зерттеу;
- б) детальдік зерттеу;
- в) зерттеу нәтижелерін бағалау және қорытындыны тұжырымдау;
- г) зерттеу материалдарын рәсімдеу;

2. Маман қорытындысының құрылымы мен мазмұны.

Өзіндік дайындық уақытында курсанттар келесі анықтамалар мен ұғымдарды білуі тиіс: объектілерді дактилоскопиялық зерттеу сатылары (алдын ала зерттеу; детальдық зерттеу; зерттеу нәтижелерін бағалау және қорытынды құрастыру; зерттеу материалдарын рәсімдеу, теңдіктің бар болуы немесе жоқтығы туралы қорытындыны негіздеу); маманның қорытындысын құру ерекшелігі және рәсімдеу ережесі.

Конспектілеу қажет:

№	Конспектіленетін қайнаркөз	оқу материалы	Конспект мазмұны
	Аверьянова Т.В. Судебная экспертиза: Курс общей теории. М.: Норма, 2006.	Электрон.нұсқа	Объектілерді дактилоскопиялық зерттеу сатылары

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: 7, 9, 10, 11, 16, 17, 25, 26, 27, 28, 38, 39, 40 (2.7 бөлімді қараңыз)

№7-тақырып. Пороэджеоскопиялық зерттеу: мәні мен жүргізу әдістемесінің ерекшелігі. (6 сағат)

1. Пороэджеоскопиялық зерттеуді жүргізу кезінде іздерді және иллюстрацияларды фототүсірілім жасаудың ерекшеліктері.

2. Пороэджеоскопиялық зерттеуді жүргізу кезінде фотокесте құрудың ерекшелігі.

Курсанттар өзіндік дайындық кезінде келесі анықтамаларды және түсініктемелерді білулері қажет: пороэджеоскопиялық зерттеуінің кезеңі (алдын ала зерттеу; детальды зерттеу; пороэджеоскопиялық зерттеу объектілерінің салыстырмалық зерттеуі; зерттеу нәтижелеріне баға беру; теңдігі бар немесе жоқ туралы негізделген қорытынды жасау) маман қорытындысын құрудың ерекшелігі мен рәсімдеу ережесі

Конспектiлеу қажет:

№	Конспектiленетiн қайнаркөз	оқу материалы	Конспект мазмұны
	«Дактилоскопия и дактилоскопическая экспертиза» Минск 2014 г.	Электрон.нұсқа	Автоматтандырылған жүйе

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: 7, 9, 10, 11, 16, 17, 25, 26, 27, 28, 38, 39, 40, 43, 48 (2.7 бөлімді қараңыз)

8-тақырып. Автоматтандырылған дактилоскопиялық жүйесінің тіркеуі (7 сағат)

1. Автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық идентификациялық жүйе.

Өзіндік дайындық кезінде курсанттар келесі түсінігің және анықтамасын бекітеді: автоматтандырылған идентификациялық жүйесі, автоматтандырылған идентификация жүйесің пайдалану мүмкіндігі.

Конспектiлеу қажет:

№	Конспектiленетiн қайнаркөз	Оқу материалы;	Конспект мазмұны
	«Дактилоскопия и дактилоскопиялық сараптама» Минск 2014 ж.	Электр. нұсқа	Автоматтандырылған жүйе

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 19, 21, 22, 25, 27, 31, 32, 34, 39 (2.7 бөлімді қараңыз)

2.10. Пәнді оқу бойынша әдістемелік ұсынымдар

«Дактилоскопия және дактилоскопиялық зерттеу» оқу пәні қол саусақ іздерінің жедел-криминалистикалық зерттеуінің теориялық-құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік сұрақтарын зерттейді. Бұл оқу пәні дактилоскопия және дактилоскопиялық зерттеулер саласындағы оғарғы кәсіби мамандарды дайындауды қамтамасыз етеді және маман-криминалистер дайындауды қамтамасыз ететін пәндер мен арнайы курстардың жүйесінің құрама бөлігіне кіреді.

«Дактилоскопия және дактилоскопиялық зерттеу» оқу пәнін оқудың мақсаты оқытылушылардың дактилоскопиялық іздерге және әртүрлі материалдық объектілерге зерттеу жүргізу кезінде теориялық білімді, практикалық біліктілік пен дағдыларды алу болып табылады.

Аталмыш оқу пәнін оқыту «Криминалистика» және «Қылмыстық процесс» сияқты оқу пәндерімен үйлесімді байланыста жүзеге асырылуы тиіс.

«Дактилоскопия және дактилоскопиялық зерттеу» оқу пәні 7 тақырыпты қамтиды.

Оқу пәнін зерделеудің міндеттері:

- ұғымы, пән және дактилоскопиялық зерттеумен шешілетін міндеттер туралы; дактилоскопиялық зерттеу объектілерін криминалистикалық зерттеу әдістемесінің негізгі ережелері, сарапшы қорытындысының құрылымы және мазмұны туралы, зерттеу қорытындысын рәсімдеу реті туралы білім алу;

- курсанттарды жүйелік және салыстырмалы талдау қабілеттіліктерін; өнімді және сын тұрғысынан ойлау нысандарын; өз қызметінде рефлексия қабілеттілігін; маман-криминалист кәсіби қызметі саласында тоқтаусыз өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту;

- курсанттарда тұлға аралық коммуникация қабілеттіліктерін, комиссияндық және кешенді зерттеулер кезінде топта жұмыс жасай білуді қалыптастыру;

- курсанттарда дактилоскопиялық зерттеулер жүргізу зерттеу дағдыларын қалыптастыру, зерттеу кезінде идентификациялық және өзге де міндеттерді шешу; объектілерді фотоға түсіру; сандық суреттерді өңдеу, әртүрлі техникалық құралдарды қолдану.

«Дактилоскопия және дактилоскопиялық зерттеу» оқу пәнін жүзеге асыру дәріс және практикалық сабақтар жүргізумен, сонымен қоса мотивация, түсіндіру, мәселелі-іздеу, практикалық, көрнекі (демонстрациялық, иллюстрациялық), ауызша (көрсету, талқылау), білімдер мен дағдыларды жүзеге асыру, оған қоса оқытылушының білім деңгейін бақылау секілді әдістер қолданылатын оқытушымен өзіндік жұмыспен қамтамасыз етіледі.

Көрнекті құралдар, мультимедиялық жүйелер, фототехникалық және криминалистикалық құралдар: микроскоп, криминалистикалық лупа, әртүрлі жарықтағы іздерді зерттеу құрылғылары қолданылады.

2.11 Тәжірибелік жұмыстарды, бақылау жұмыстарын және тағы басқаларды орындау бойынша нұсқаулар мен әдістемелік ұсынымдар

Теориялық білімді бекіту, криминалистикалық дактилоскопиялық зерттеудің әдістері мен тәсілдерін қолданудың практикалық іскерлігі мен дағдыларын меңгеру мақсатында практикалық сабақтар жүргізіледі (оқу-әдістемелік аудиториялар мен криминалистикалық зертханаларда).

Практикалық сабақтарды жүргізу кезінде оқытушының қалауы бойынша әртүрлі нысандар қолданыла алады (топтық жаттығулар, есептерді шешу, зерттеу нәтижелерін бағалау /маманның немесе сарапшының қорытындысы/).

Практикалық сабаққа дайындалу кезінде ұсынылған әдебиетті зерделеу, ал сабақтық басталмас бұрын кабинет бастығынан қажетті техникалық және басқа да құралдарды, өлшеу аспаптарын алу қажет.

Бұдан басқа, сабақты өткізудің арнайы нысаны қолданылады – криминалистикалық зерттеу түріндегі бақылау жұмыстары.

Сабақ жүргізу барысында курсанттар зерттеудің әртүрлі әдістерін (визуалда зерттеу жүргізу және басқалар) және техникалық құралдарды (лупалар, микроскоптар, жарық фильтрлерінің жиынтығы) қолданады.

Криминалистикалық зерттеу меңгерген пән бойынша басылған түрде немесе электронды тасымалдағышта жедел-криминалистикалық мамандығы бойынша курсанттың өзі дайындаған ғылыми жұмысы болып саналады. Криминалистикалық зерттеудің құрылымдық элементі болып саналады:

- титулдық бет;
- кіріспе бөлімі;
- зерттеу бөлімі: алдын ала зерттеу, детальды және салыстырмалы зерттеулерден тұрады;
- қорытынды бөлімі;
- жалпы және жеке белгілер, сұлбалар, жоспарлар әзірleme кесте түрінде қосымша;
- жүргізілген зерттеудің иллюстрациясына арналған фотокесте.

Рәсімдеу талаптары

Криминалистикалық зерттеу қолжазбалық немесе баспа тәсілімен ақ қағаз А4 форматында орындалуы қажет.

Криминалистикалық зерттеудің басылу мәтінінің сапасына және кесте иллюстрациясын рәсімдеуін орындау тәсіліне байланыссыз талаптарға сай қанағаттандырылуы қажет.

Мәтіндік құжаттардың беттерінің бұзылуы, түзетулер және алдыңғы мәтін толықтай жойылмаған болса рұқсат етілмейді.

Криминалистикалық зерттеуі талаптарға сай болып, алдын ала қорытындыларды, негізгі қорытындыларды шешу үшін қойылған осы жұмыстар сияқты, сұрақтар бар болуы қажет.

Қосымшалар зерделенетін тақырып және нақты зерттеу түрінің талаптарына сәйкес рәсімделеді.

Барлық криминалистикалық зерттеулерге нақты зерттеу түрі бойынша және сот фотосуретінің талаптарына сәйкес рәсімделген фотокестелер ұсынылады. Фототүсірілімдер айқын, көленкесіз, бір масштабты, қолтаңба қойылған, реттілігі сақталып орналасып, тиісті белгілеулер, қосымшалар болуы қажет.

Барлық криминалистикалық зерттеулер нақты курс бойынша орындалып және қорғалып, оқытушыда сақталып, емтихан тапсыруға рұқсат ету болып саналады.

«Дактилоскопия және дактилоскопиялық зерттеу» оқу пәнінің маңызды проблемаларын білу тест жүргізу барысында тестті қолдану арқылы тексеріледі.

Барлық түсініксіз, бәсекелі, проблемалық сұрақтар бойынша курсанттар кафедра оқытушысынан кеңестер ала алады.

2.12 Өзін өзі бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Дактилоскопия – бұл:
 - криминалистика саласы
 - криминалистика бөлімі
 - криминалистикадан бөлек пән
2. Дактилоскопия келесілерді зерделейді:

- аяқ құрылысы
 - қол құрылысы
 - адам терісі өрнектерінің құрылысы
 - барлық жауаптар дұрыс
3. Дактилоскопияның объектісі болып табылады:
- адамның қол саусақтары терісінің өрнектері
 - адам алақандары терісінің өрнектері
 - адам табаны терісінің өрнектері
4. Дактилоскопияның негізгі міндеттері болып табылады:
- тұлғаны теңдестіру (идентификациялау)
 - криминалистикалық тіркеу
 - қылмыскерлерді іздестіру
 - барлық жауаптар дұрыс
5. Қылмыстарды ашу мақсатында қол іздерінің папилляр өрнектерінің қандай қасиеті қолданылады?
- іздердегі папилляр өрнектері бейнелерінің күрделі еместігіне қатысты, соңғыларды оқиға орнында табу және бекіту.
 - адам қолының саусақтарындағы (алақанындағы) папилляр өрнектерінің жекелігіне, өзгермейтіндігіне қатысты
 - кеңінен таралуы бойынша, яғни барлық адамдарда папилляр өрнектердің болуы
 - барлық жауаптар дұрыс
6. Папилляр өрнектердің қандай типтері болады?
- Өрілмелі
 - Ульнарлық
 - радиалдық
7. Қол саусағының тырнақ фалангасының папилляр өрнегінде дельталардың болмауы осы өрнектің келесідей екендігін растайды
- тұзақты
 - доғал
 - өрілмелі
8. Екі дельталары бар папилляр өрнегін қандай өрнекке жатқызуға болады?
- тұзақты
 - доғал
 - өрілмелі
9. Дельталары жоқ папилляр өрнегін қандай типке жатқызуға болады?
- өрілмелі өрнек
 - доғал өрнек
 - ульнарлы тұзақты өрнек
10. Үш немесе төрт дельталары бар папилляр өрнегін қандай типке жатқызуға болады?
- радиалдық тұзақты өрнек
 - өрілмелі өрнек

- ульнарлы тұзақты өрнек
11. Папилляр өрнектің қандай белгілері жеке белгі болып табылады?
 - папилляр өрнектің басталуы және аяқталуы
 - папилляр өрнектер легінің ені
 - детальдардың немесе оның бөліктерінің барлық саны
 12. Іздерді сақтаудың мерзімдері келесілерге байланысты:
 - қалдырылған іздердің майлылығы
 - ауа-райы жағдайлары
 - температуралық режим
 - объектінің із қабылдағыш қасиеті
 - барлық жауаптар дұрыс
 13. Йод буларымен анықталған қол іздерін қалай бекітуге болады?
 - азот қышқылды күміспен
 - цианоакрилатпен
 - крахмал ерітіндісімен
 - сүрлеу арқылы (окапчиванием)
 14. Дактилоскопиялық ұнтақтармен жұмыс жасау тәсілдері:
 - сырғанату
 - тозаңдатушыны қолдану арқылы (пульверизатор)
 - магнит жаққышын қолдану арқылы
 - барлық жауаптар дұрыс
 15. Нингидринмен келесі беткейлерді өңдеуге болмайды:
 - қағаз
 - картон
 - лакталған ағаш
 - фанера
 16. Қол іздерін анықтау әдістерінің ішіндегі қайсысы физикалық әдіске жатады:
 - азот қышқылды күміспен өңдеу
 - йод буларымен өңдеу
 - нингидринмен өңдеу
 17. Қолдың тер-май іздерін анықтау үшін негізінен азот қышқылды күміс қандай беткейлерде қолданылады?
 - шыныда, фарфорда, фаянста, кафельде, мраморда
 - қағазда, картонда, фанерада, боялмаған жонылған ағашта
 - полиэтиленде, целлофанда, пластмассада, оргшыныда
 18. Оқиға орнында табылған қол іздерінің фототүсірілімі келесілер үшін қолданылады:
 - криминалистикалық зерттеу
 - иллюстрация ретінде
 - іздердің пайда болуының мән-жайларын талдау
 - барлық жауаптар дұрыс
 19. Іздер қандай жағдайларда тасымалдағыш заттармен қоса алынады?

- кіші габаритті заттар және олардың беткейінде көптеген іздер бар, сол іздермен, жәбірленушілерді есептемегенде, жарамдылығын анықтауға көптеген уақыттың жұмсалыуымен байланысты

- іздерді алу - белгілердің жоғалуына және олардың идентификациялық маңызының жойылуна әкеп соқтыруы мүмкін

- дәстүрлі дактилоскопиялау үшін іздер аз ақпаратты және пороскопиялық немесе эджеоскопиялық зерттеулер жүргізу пайымдалады

- іздің таңбасын дайындау мүмкіндігі жоқ

- барлық жауаптар дұрыс

20. Зерттеу объектілерін бүлдірусіз сақтау және алмастырып қоймау үшін қандай шарттарды сақтау қажет?

- іздер буып-түю материалдарымен жанаспауы тиіс

- заттар қозғалмайтындай болып буып-түйілуі

- буып-түю материалы мүмкіндігінше берік болуы қажет және тасымалдау кезінде бұзылмауы тиіс

- бума мөрленіп, онда түсіндірме жазбахаттары болып, онда не, қашан қайда, қандай факт бойынша және кім алғандығы көрсетіліп, куәгерлер мен тергеушінің қолдары қойылады.

- Барлық жауаптар дұрыс.

21. Дактилоскопиялау – бұл:

- тырнақ фалангалары мен қолдың алақан беткейінің папилляр сызықтарынан пайда болатын тері өрнектерінің таңбаларын алу

- материалдық тасымалдағыштардағы тырнақ фалангалары мен қолдың алақан беткейінің папилляр сызықтарынан пайда болатын тері өрнектерінің таңбаларын алу

- қол саусақтарының тырнақ фалангаларындағы папилляр сызықтарынан пайда болатын тері өрнектерінің таңбаларын алу

- материалдық тасымалдағыштардағы қолдың алақан беткейінің папилляр сызықтарынан пайда болатын тері өрнектерінің таңбаларын алу

22. Тірі адамдарға дактилоскопиялау жүргізу кезінде қол саусақтарын дактилоскопиялау келесіден басталады:

- оң қолдың бармақ саусағынан

- сол қолдың бармақ саусағынан

- оң қолдың шынашақ саусағынан

- сол қолдың шынашақ саусағынан

- бірізділігі маңызды емес

23. Тірі адамдарға дактилоскопиялау жүргізу кезінде қол саусақтарын дактилоскопиялау келесідей аяқталады:

- оң қолдың бармақ саусағымен

- сол қолдың бармақ саусағымен

- оң қолдың шынашақ саусағымен

- сол қолдың шынашақ саусағымен

- бірізділігі маңызды емес

24. Эпидермис болмаған кезде мәйіттің саусақтарын өңдеу үшін дактилоскопиялау жүргізу алдында келесі қолданылады:

- техникалық май және сүйек майы
- сабынды су
- антиформин ерітіндісі
- барлық жауаптар дұрыс

25. Мәйіттің мумифицияланған саусақтарын өңдеу үшін дактилоскопиялау жүргізу алдында келесі қолданылады:

- техникалық май және сүйек майы
- жылы су
- антиформин ерітіндісі
- барлық жауаптар дұрыс

26. Оқиға орнындағы іздерді алдын ала зерттеу кезінде қандай сұрақтарды міндетті түрде шешу қажет?

- тұлғаны идентификациялау үшін қол іздерінің жарамдылығын анықтау

- қылмыскердің жасы
- мамандығы
- бойы

27. Із қалдырған қол мен саусақтың топографиялық белгілеріне келесілер жатады:

- іздердің көлемі, формасы мен өзара орналасуы, папилляр сызықтардың құрылымы

- іздердің тек қана көлемдері мен формасы

- тек қана папилляр сызықтарының құрылымы, іздердің көлемдері мен формасы

- тек ана өзара орналасуы, іздердің көлемдері мен формасы

28. Қандай сұрақты идентификациялық деп санауға болмайды?

- Із тұлғаны идентификациялауға жарамды ма?

- Із нақты тұлғадан қалдырылған ба?

- Әртүрлі жерлерде немесе әртүрлі қылмыстық істер бойынша табылған іздерді бір адам қалдырған ба?

29. Салыстырмалы таңбалар мен ізтаңбалардың қандай қасиеттері бар?

- Толықтылық

- Анықтық

- барлық сұрақтар дұрыс

30. Порэджеоскопиялық зерттеулер қандай жағдайларда жүргізіледі?

- папилляр өрнектердің орталығы көрсетілмеген

- белгілер санының жеткіліксіздігі кезінде

- із – жағынды (мазок), дақ түрінде болады

Курсанттардың білімін бағалау критерийі

Курсанттардың білімі, іскерлігі, дағдысы және құзыреті барлық бақылау түрлері бойынша тура пропорционалды арасалмағы бар балдық-рейтингтік әріп жүйесімен бағалаумен анықталады.

Курсанттардың білімін бағалау барлық семестр ішінде пайыздық мазмұнда өлшенетін ағымдық, рейтингтік және қорытынды түрдегі бақылау арқылы жүргізіледі.

Ағымдағы бақылау - өткен тақырыптар мен сұрақтар бойынша білім алушының білімін тексеру, семинар сабақтары және КОӨЖ түрінде ауызша және тест түрінде жауап алу, КӨЖ және КОӨЖ орындаған тапсырмаларын бағалау түрінде жүргізіледі.

Рейтингтік бақылау - коллоквиум және тест түрінде жауап алу арқылы өткізілетін аяқталған тақырыптар мен бағдарлама тараулары бойынша курсанттардың оқу жетістіктерін тексеру.

Рейтингтік бақылауға ағымдағы бақылаудың барлық нысаны бойынша барлық тапсырмаларды орындаған және оң баға алған курсанттар жіберіледі.

Семестрлік рейтинг ағымдағы және рейтингтік бақылаулар бойынша анықталады және ең көбі 60% құрайды.

Семестр ішінде екі аттестация өткізіледі.

Пән бойынша қорытынды бақылау (емтихан) ауызша нысанда жүргізіледі (билеттер бойынша). Курсанттар емтихан бойынша ең көбі 40% ғана ала алады.

Пән бойынша қорытынды баға семестрлік рейтинг баллдарының және курсанттардың емтиханда алған баллдарының сомасы бойынша қойылады.

«А», «А-» («үздік») – егер курсант бағдарламалық материалды терең және орнықты меңгеріп, оны жан-жақты, реттілікпен, сауатты және логикалық анық баяндаса, тапсырманың түрін өзгерту барысында жауап беруден мүдірмесе, қойылған міндеттерді еркін орындаса, монографиялық материалдарды білетінін көрсетсе, қабылданған шешімдерді дұрыс негіздесе, практикалық жұмыстарды орындаудың жан-жақты дағдылары мен әдістерін меңгерген болса, материалды қате жібермей, өз бетімен қорытындылай және жеткізе білсе.

«В+», «В», «В-», «С+» («жақсы») – егер курсант бағдарламалық материалды нақты білсе, оны сауатты және мәні бойынша баяндаса, сұраққа жауап беруде елеулі бұрмалаушылық жібермесе, теориялық ережелерді дұрыс қолдана білсе және практикалық тапсырмаларды орындау барысында қажетті дағдыларды меңгерсе.

«С», «С-», «D+», «D» («қанағаттанарлық») – курсант тек негізгі материалды меңгеріп, жеткіліксіз дұрыс тұжырымдаса, бағдарламалық материалды баяндауда бірізділікті бұзса және практикалық тапсырмаларды орындауда қиындыққа тап болса.

«F» («қанағаттанарлықсыз») – егер курсант бағдарламалық материалдың елеулі бөлігін білмесе.

Курсанттардың білімі, іскерлігі және дағдылары келесідей жүйеде бағаланады:

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
А	4,0	95-100	Өте жақсы
А-	3,67	90-94	

B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

2.13. Пән бойынша емтихан сұрақтары:

1. Дактилоскопия түсінігі. Оны құқық қорғау органдарының жұмысында қолдану.
2. Дактилоскопияның міндеттері.
3. Адамның қол (аяқ) іздерін зерттеу процесінде анықтау мүмкін болатын тергеп-тексеріліп отырған оқиғаның мән-жайлары туралы ақпарат
4. Терінің құрылысы туралы жалпы мәліметтер. Тері қабаты рельефінің негізгі элементтері.
5. Тері қабатының папилляр сызықтарының қасиеттері.
6. Қол саусақтары тырнақ фалангаларының папилляр өрнектерінің құрылысы.
7. Қол саусақтарының негізгі және ортаңғы фалангаларының папилляр өрнектерінің құрылысы.
8. Қол алақанының папилляр өрнектерінің құрылысы.
9. Аяқ өкшесінің папилляр өрнектерінің құрылысы.
10. Дельталардың құрылысы мен түрлері.
11. Қолдың қабаттық (поверхностные) іздерінің сипаттамасы.
12. Қолдың көлемді іздерінің сипаттамасы.
13. Қол іздерінің сақталу мерзімдеріне әсер ететін факторлар.
14. Папилляр өрнектердің жіктелуі.
15. Папилляр өрнектің құрылысының жалпы белгілері.
16. Папилляр өрнектің құрылысының жеке белгілері.
17. Жалпы және жеке белгілердің идентификациялық маңызы.
18. Оқиға орнындағы қол іздерін алдын ала зерттеудің мақсаттары мен міндеттері.
19. Іздердің топографиялық белгілері, өзара орналасуы, формасы, көлемі бойынша іздің қай қолдан, қандай саусақтан қалдырылғандығын анықтау ережесі.
20. Қол, жалаң аяқ іздері бойынша адамның жынысы мен жас мөлшерін анықтау.

21. Папилляр өрнектерінің құрылысы бойынша қай қолдан, қандай саусақтан қалдырылғандығын анықтау ережесі.
22. Қол іздерін анықтаудың оптикалық әдістері.
23. Қол іздерін анықтаудың физикалық әдістері. Қол іздерін ұнтақтармен анықтау.
24. Қол іздерін анықтаудың химиялық әдістері.
25. Қол іздерін нингидринмен анықтау әдістері.
26. Қол іздерін цианоакрилат буларымен анықтау әдістері.
27. Қол іздерін DFO әдісімен анықтау.
28. Қол іздерін азот қышқылды күміспен анықтау.
29. Қол іздерін йод буларымен анықтау.
30. Шыныдағы қол іздерін анықтау.
31. Пластмассадағы қол іздерін анықтау.
32. Қағаздағы және картондағы қол іздерін анықтау.
33. Ағаш беткейлердегі қол іздерін анықтау.
34. Өртүрлі металл беткейлердегі қол іздерін анықтау.
35. Қанмен боялған іздерді анықтау.
36. Салқындатылған және мұздалған беткейлердегі қол іздерін анықтау.
37. Оқиға орнында қол іздерін іздеудің жалпы ережелері.
38. Тірі адамдар мен мәйіттерді дактилоскопиялаудың ережелері.
39. Қол іздерін бекітудің әдістері.
40. Қол іздерін бекіту үшін қолданылатын фотографиялық техника мен фотоматериалдар.
41. Қол іздерін алудың әдістері.
42. ООҚТ кезінде алынған қол іздері бар объектілерді буып-түю ережелері.
43. Дактилоскопиялық зерттеудің түсінігі. Дактилоскопиялық зерттеудің сатылары.
44. Дактилоскопиялық зерттеу шешетін сұрақтар.
45. Дактилоскопиялық зерттеу жүргізу үшін ұсынылатын объектілер.
46. Дактилоскопиялық зерттеу жүргізу үшін келіп түскен материалдарға қойылатын талаптар.
47. Алдын ала зерттеудің - дактилоскопиялық зерттеудің бірінші сатысының мазмұны.
48. Дактилоскопиялық зерттеу жүргізу кезінде алдын ала зерттеу сатысында шешілетін сұрақтар.
49. Дактилоскопиялық зерттеудің кезеңдері мен детальдық зерттеу сатылары. Бөлек зерттеу.
50. Дактилоскопиялық зерттеудің кезеңдері мен детальдық зерттеу сатылары. Салыстырмалы зерттеу.
51. Зерттеу нәтижелерін бағалау және тұжырымды негіздеу.
52. Дактилоскопиялық зерттеу тұжырымдарының жіктелуі.
53. Зерттеу материалдарын рәсімдеу ережелері.
54. Маман қорытындысының мазмұны мен құрылымы.
55. Пороскопиялық зерттеудің идентификациялық белгілері.

56. Эджеоскопиялық зерттеудің идентификациялық белгілері.
57. Пороскопиялық зерттеу жүргізу әдістерінің ерекшеліктері.
58. Эджеоскопиялық зерттеу жүргізу әдістерінің ерекшеліктері.
59. Пороскопиялық зерттеуін жүргізу әдістемесінің ерекшелігі
60. Эджеоскопиялық зерттеуін жүргізу әдістемесінің ерекшелігі.

2.14 Құрастырғандар:

А.Б. Жакулин, қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент;

Б.С.Телемисов, криминалистика кафедрасының профессоры;

А. Ж. Жүнүсова, қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының доценті.